# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 4. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ (жалғасы)

Мұндай өзгерістің салыстырмалы деректерге ықпалы келесі кестелерде көрсетілген.

| *Мың теңгемен* | Алдыңғы есептілікке сай | Қайта есептеу | Бұл есептілікте ұсынылғандай |
|---|---|---|---|
| **2012 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Материалдық емес активтер | 1.829.026 | – | 1.829.026 |
| Негізгі құралдар | 351.511.935 | 3.519.683 | 355.031.618 |
| Газ активтері | 18.324.274 | – | 18.324.274 |
| Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар | 73.864.971 | – | 73.864.971 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген авансттар | 19.217.557 | – | 19.217.557 |
| Банктердегі салымдар | 105.375 | – | 105.375 |
| Пайдалануда шектелген ақша қаражаты | 160.798 | – | 160.798 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | 1.829.604 | – | 1.829.604 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | 4.128 | – | 4.128 |
| | 466.847.668 | 3.519.683 | 470.367.351 |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | 23.489.929 | 14.626 | 23.504.555 |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек | 34.723.377 | 44.057 | 34.767.434 |
| Берілген аванстар | 2.850.098 | 611 | 2.850.709 |
| Өтелетін салықтар | 13.563.355 | 5.204 | 13.568.559 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | 5.026.667 | 2.766 | 5.029.433 |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар, қысқа мерзімді бөлік | 19.507.000 | – | 19.507.000 |
| Банктердегі салымдар | 15.740.204 | – | 15.740.204 |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 7.602.557 | 111.709 | 7.714.266 |
| | 122.503.187 | 178.973 | 122.682.160 |
| **Активтердің жиыны** | 589.350.855 | 3.698.656 | 593.049.511 |
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 139.917.435 | – | 139.917.435 |
| Қосымша төленген капитал | 6.930.797 | 3.949.916 | 10.880.713 |
| Шетел валютасын қайта есептеу резерві | 5.860 | – | 5.860 |
| Бөлінбеген пайда | 233.614.527 | (266.620) | 233.347.907 |
| | 380.468.619 | 3.683.296 | 384.151.915 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | – | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 80.870.349 | – | 80.870.349 |
| Пайыздық қарыздар | 6.223.805 | – | 6.223.805 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | 6.536.433 | – | 6.536.433 |
| Резервтер | 1.039.997 | – | 1.039.997 |
| Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер | 19.078.324 | – | 19.078.324 |
| | 113.748.908 | – | 113.748.908 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 4. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | **Алдыңғы есептілікке сай** | **Қайта есептеу** | **Бұл есептілікте ұсынылғандай** |
|---|---|---|---|
| **2012 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп** | | | |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 663.068 | – | 663.068 |
| Пайыздық қарыздар | 23.027.460 | – | 23.027.460 |
| Резервтер | 3.077.304 | – | 3.077.304 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 40.187.087 | 197 | 40.187.284 |
| Газ қарыздары бойынша берешек | 13.047.579 | – | 13.047.579 |
| Концессиялық міндеттемелер | 1.242.265 | – | 1.242.265 |
| Төленуге жататын салықтар | 1.510.872 | – | 1.510.872 |
| Төленуге жататын табыс салығы | 1.057.384 | – | 1.057.384 |
| Алынған аванстар | 2.643.652 | 12.651 | 2.656.303 |
| Өзге ағымдағы міндеттемелер | 8.676.657 | 2.512 | 8.679.169 |
| | 95.133.328 | 15.360 | 95.148.688 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | 589.350.855 | 3.698.656 | 593.049.511 |
| **2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп** | | | |
| Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен кірістер | 261.219.461 | 313.223 | 261.532.684 |
| Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны | (197.230.972) | (329.967) | (197.560.939) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (20.845.939) | (68.034) | (20.913.973) |
| Өзге де операциялық кірістер | 5.037.946 | 35.652 | 5.073.598 |
| Басқа да операциялық шығыстар | (2.509.922) | (1.026) | (2.510.948) |
| Қаржылық кірістер | 1.517.212 | – | 1.517.212 |
| Қаржы шығындары | (6.682.834) | – | (6.682.834) |
| Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі | 693.470 | – | 693.470 |
| Теріс бағамдық айырма, нетто | (770.687) | 80 | (770.607) |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | (12.139.340) | – | (12.139.340) |
| **Бір жылғы таза пайда** | 28.288.395 | (50.072) | 28.238.323 |
| **Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны** | 28.288.395 | (50.072) | 28.238.323 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 4. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ (жалғасы)

2012 жылдың 1 қаңтарына қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған қаржылық есепті қайта есептеу әсері төменде 1 ХБЕС (IAS) талаптарына сәйкес көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Алдыңғы есептілікке сай | Қайта есептеу | Бұл есептілікте ұсынылғандай |
|---|---|---|---|
| **2012 жылдың 1 қаңтарына қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп** | | | |
| **АКТИВТЕР** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Материалдық емес активтер | 2.111.140 | – | 2.111.140 |
| Негізгі құралдар | 278.773.550 | 3.620.078 | 282.393.628 |
| Газ активтері | 17.395.105 | – | 17.395.105 |
| Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар | 70.806.796 | – | 70.806.796 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар | 6.018.624 | – | 6.018.624 |
| Банктердегі салымдар | 59.216 | – | 59.216 |
| Пайдалануда шектелген ақша қаражаты | 131.456 | – | 131.456 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | 185.877 | – | 185.877 |
| | 375.481.764 | 3.620.078 | 379.101.842 |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | 24.562.977 | 18.763 | 24.581.740 |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек | 27.990.673 | 34.873 | 28.025.546 |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар | 45.000 | – | 45.000 |
| Берілген аванстар | 1.744.315 | 20.082 | 1.764.397 |
| Өтелетін салықтар | 6.993.712 | 5.761 | 6.999.473 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | 6.639.856 | 616 | 6.640.472 |
| Банктердегі салымдар | 31.432.604 | – | 31.432.604 |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 56.223.493 | 40.718 | 56.264.211 |
| | 155.632.630 | 120.813 | 155.753.443 |
| **АКТИВТЕР ЖИЫНЫ** | 531.114.394 | 3.740.891 | 534.855.285 |
| **КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 108.658.404 | – | 108.658.404 |
| Қосымша төленген капитал | 3.279.340 | 3.949.916 | 7.229.256 |
| Шетел валютасын қайта есептеу резерві | 5.860 | – | 5.860 |
| Бөлінбеген пайда | 217.311.296 | (216.549) | 217.094.747 |
| | 329.254.900 | 3.733.367 | 332.988.267 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 79.505.683 | – | 79.505.683 |
| Пайыздық қарыздар | 8.620.705 | – | 8.620.705 |
| Қызметкерлердің сыйақылары бойынша міндеттеме | 606.118 | – | 606.118 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | 3.251.577 | – | 3.251.577 |
| Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек | 679.960 | – | 679.960 |
| Резервтер | 1.248.987 | – | 1.248.987 |
| Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер | 15.756.162 | – | 15.756.162 |
| | 109.669.192 | | 109.669.192 |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 652.774 | – | 652.774 |
| Пайыздық қарыздар | 9.336.695 | – | 9.336.695 |
| Резервтер | 2.915.101 | – | 2.915.101 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 29.196.298 | 9.669 | 29.205.967 |
| Газ қарыздары бойынша берешек | 4.018.817 | – | 4.018.817 |
| Төленуге жататын салықтар | 2.002.162 | – | 2.002.162 |
| Төленуге жататын табыс салығы | 19.863 | – | 19.863 |
| Алынған аванстар | 38.629.902 | (6.381) | 38.623.521 |
| Өзге ағымдағы міндеттемелер | 5.418.690 | 4.236 | 5.422.926 |
| | 92.190.302 | 7.524 | 92.197.826 |
| **КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ** | 531.114.394 | 3.740.891 | 534.855.285 |

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін негізгі құралдардың қозғалысы былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Жер | Үйлер мен ғимараттар | Газ көлік жүйесі | Жабдық | Көлік құралдары | Басқасы | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құны:** | | | | | | | | |
| **2012 жылдың 1 қаңтарына (қайта есептелгені)*** | 984.560 | 30.058.510 | 171.273.275 | 108.160.597 | 13.501.894 | 6.250.038 | 41.631.212 | 371.860.086 |
| Түсімдер | 480.380 | 276.178 | 38.929.028 | 1.242.767 | 3.609.616 | 452.147 | 48.064.388 | 93.054.504 |
| Материалдық емес активтерге аударымдар | – | – | – | (6.083) | – | (41.484) | (41.027) | (88.594) |
| Аударымдар | – | 4.046.330 | 24.297.275 | 10.469.627 | 225.191 | 203.536 | (39.241.959) | – |
| Шығулар | – | (58189) | (104.700) | (609.520) | (44.056) | (47.199) | (109.648) | (973.312) |
| **2012 жылдың 31 желтоқсанына (қайта есептелгені)*** | 1.464.940 | 34.322.829 | 234.394.878 | 119.257.388 | 17.292.645 | 6.817.038 | 50.302.966 | 463.852.684 |
| Түсімдер | 14.097 | 462.287 | 2.712.953 | 2.259.607 | 4.529.836 | 674.618 | 81.150.854 | 91.804.252 |
| Материалдық емес активтерге аударым | – | – | – | – | – | – | (39.162) | (39.162) |
| Аударымдар | 2.650 | 11.310.599 | 5.195.005 | 49.655.009 | 214.563 | 524.880 | (66.902.706) | – |
| Шығулар | (7.798) | (3.105.238) | (295.181) | (178.332) | (38.106) | (291.157) | (2.326.170) | (6.241.982) |
| **2013 жылғы 31 желтоқсан** | 1.473.889 | 42.990.477 | 242.007.655 | 170.993.672 | 21.998.938 | 7.725.379 | 62.185.782 | 549.375.792 |
| | | | | | | | | |
| **Жинақталған тозу және құнсыздану** | | | | | | | | |
| 2012 жылдың 1 қаңтарына (қайта есептелгені)* | – | (5.344.722) | (36.265.729) | (36.160.266) | (8.837.740) | (2.563.348) | (294.653) | (89.466.458) |
| Аудару | – | (1.543.223) | (8.015.153) | (8.888.835) | (1.093.554) | (599.930) | – | (20.140.695) |
| Шығу | – | 7.720 | 62.633 | 609.019 | 55.114 | 51.601 | – | 786.087 |
| Аударымдар | – | (775) | 1.541 | (1.449) | 3.794 | (3.111) | – | – |
| **2012 жылдың 31 желтоқсанына (қайта есептелгені)*** | – | (6.881.000) | (44.216.708) | (44.441.531) | (9.872.386) | (3.114.788) | (294.653) | (108.821.066) |
| Аудару | – | (1.832.429) | (9.191.367) | (9.517.974) | (1.337.150) | (629.023) | – | (22.507.943) |
| Шығу | – | 1.286.135 | 242.944 | 163.484 | 14.782 | 255.006 | – | 1.962.351 |
| Аударымдар | – | (447.184) | 624.511 | (182.807) | 8.800 | (3.320) | – | – |
| Құнсыздану | – | (297.503) | – | – | – | – | (641.872) | (939.375) |
| **2013 жылғы 31 желтоқсан** | – | (8.171.981) | (52.540.620) | (53.978.828) | (11.185.954) | (3.492.125) | (936.525) | (130.306.033) |
| | | | | | | | | |
| **Қалдық құны:** | | | | | | | | |
| **2012 жылдың 31 желтоқсанына (қайта есептелгені)*** | 1.464.940 | 27.441.829 | 190.178.170 | 74.815.857 | 7.420.259 | 3.702.250 | 50.008.313 | 355.031.618 |
| **2013 жылғы 31 желтоқсан** | 1.473.889 | 34.818.496 | 189.467.035 | 117.014.844 | 10.812.984 | 4.233.254 | 61.249.257 | 419.069.759 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

**Аяқталмаған құрылыс**

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған күрделі құрылысқа 5.543.160 мың теңге сомаға газ құбырларын салуға және күрделі жөндеуге арналған құбырлар мен басқа да жабдық, 5.376.316 мың теңге сомасына МГ «Союз» және МГ «Лупинг САЦ-4» газ құбырының-жалғастырғыштың құрылысы, 2.413.402 мың теңге жалпы сомаға «Мақат», «Жаңқала» және «Бейнеу» компрессорлық станцияларды қосу торабында реверсті газ құбырының құрылысы, 1.349.941 мың теңге сомасына «Орал» компрессорлық станцияның газды айдайтын агрегаттарын автоматты басқару жүйесін ауыстыру, 978.815 мың теңге сомасына Алматы қаласында «Орбита» газды тарату станциясының қайта құрылысы, 654.594 мың теңге сомасына «Ақыртөбе» жер асты газ қоймасының сегіз пайдалану ұңғымасын бұрғылау және басқа да күрделі құрылыс пен жақсартулар кіреді.

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 66.902.706 мың теңге жалпы сомаға аяқталмаған құрылыс негізгі құралдардың құрамына аударылды. Бұл соманың едәуір бөлігін 2013 жылғы 3 қазанда пайдалануға берілген, 37.241.474 мың теңге сомасына «Мақат» компрессорлық станцияның № 4 турбо-компрессорлық цехының құны құрайды.

2013 жылдың ішінде Топ 22.171.935 мың теңге (2012: 8.561.829 мың теңге) сомасына қорларды сатып алып, мердігерлердің жалақысы мен жұмысының ақысын төледі. Мұндай шығындардың негізгі бөлігі 10.682.960 мың теңге сомасына Оңтүстік Қазақстан облысында, 5.481.598 мың теңге сомасына Қызылорда облысында, 3.694.094 мың теңге сомасына Жамбыл облысында және 1.699.683 мың теңге сомасына Атырау облысында газ құбырларының құрылысына және жаңғыртылуына жатады.

2010 жылы Топ жалғыз Акционерден 2.162.705 мың теңге сомасына «Бейнеу-Шымкент» газ құбырының құрылысы» жобасының жобалық-сметалық құжаттамасы күйінде негізгі құралдарды алды, әрі ол аяқталмаған құрылыс құрамына капиталдандырылды. 2013 жылдың ішінде Топ «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-не осы жобалық-сметалық құжаттаманы берді.

**Газ көлік жүйесі**

2013 жылдың ішінде Топ жергілікті билік органдарынан 1.557.540 мың теңге (2012: 2.354.219 мың теңге) сомасына негізгі құралдарды өтеусіз алды.

2012 жылы Топ «Самұрық-Энерго» АҚ-нан 5,60% бақыланбайтын қатысу үлесіне айырбас ретінде 502.297 мың теңге мөлшеріндегі ҚҚС-ты ескермеген, 4.185.805 мың теңге сомасына бұрын Самұрық-Қазынаға тиесілі болған газ көлік активтерін алды. 2013 жылы қосымша төленген капитал ретінде Самұрық-Қазынадан 62.484 мың теңге мөлшеріндегі ҚҚС-ты ескермеген, 520.673 мың теңге сомасына Ақтөбе облысының газ құбырлары активтерінің қалған бөлігі алынды.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша соларға толығымен тозу есептелген негізгі құралдардың баланстық құны 23.828.373 мың теңге (2012 жылғы 31 желтоқсан: 19.632.377 мың теңге) болды.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 6. ГАЗ АКТИВТЕРІ

2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанына газ активтеріне мыналар кіреді:

| *Мың теңгемен* | Үйлер мен ғимараттар | Жабдық | Көлік құралдары | Басқасы | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құны:** | | | | | | |
| **2012 жылдың 1 қаңтарына** | 11.649.982 | 5.479.372 | 214.273 | 1.836.914 | 2.788.951 | 21.969.492 |
| Түсімдер | 3.190 | 35.850 | – | 209 | 1.307.830 | 1.347.079 |
| Аударымдар | 100.000 | 1.134 | (7.844) | 6.710 | (100.000) | – |
| **2012 жылғы 31 желтоқсан** | 11.753.172 | 5.516.356 | 206.429 | 1.843.833 | 3.996.781 | 23.316.571 |
| Түсімдер | **43.594** | **23.086** | **120.162** | **2.773.257** | **844.400** | **3.804.499** |
| Аударымдар | **1.536.167** | **–** | **–** | **(460.613)** | **(1.075.554)** | **–** |
| **2013 жылғы 31 желтоқсан** | **13.332.933** | **5.539.442** | **326.591** | **4.156.477** | **3.765.627** | **27.121.070** |
| **Жинақталған тозу және құнсыздану** | | | | | | |
| **2012 жылдың 1 қаңтарына** | (2.858.226) | (1.335.658) | (134.802) | (245.701) | – | (4.574.387) |
| Аударымдар | (226.989) | (125.075) | (22.657) | (43.189) | – | (417.910) |
| Аударымдар | – | (1.134) | 1.385 | (251) | – | – |
| **2012 жылғы 31 желтоқсан** | (3.085.215) | (1.461.867) | (156.074) | (289.141) | – | (4.992.297) |
| Аударымдар | **(249.418)** | **(125.960)** | **(24.474)** | **(56.875)** | **–** | **(456.727)** |
| **2013 жылғы 31 желтоқсан** | **(3.334.633)** | **(1.587.827)** | **(180.548)** | **(346.016)** | **–** | **(5.449.024)** |
| **Қалдық құны:** | | | | | | |
| **2012 жылғы 31 желтоқсан** | 8.667.957 | 4.054.489 | 50.355 | 1.554.692 | 3.996.781 | 18.324.274 |
| **2013 жылғы 31 желтоқсан** | **9.998.300** | **3.951.615** | **146.043** | **3.810.461** | **3.765.627** | **21.672.046** |

### 7. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2012 жылғы 31 желтоқсандағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікте үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін келесі бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестері болды:

| | | | Үлес, % | |
|---|---|---|---|---|
| **Атауы** | **Тіркелген жері** | **Негізгі қызметі** | **2013 жылғы 31 желтоқсан** | 2012 жылғы 31 желтоқсан |
| «Азиялық газ құбыры» ЖШС («АГҚ») | Қазақстан | Қазақстан – Қытай газ құбырын салу және пайдалану | **50%** | 50% |
| «ҚырҚазГаз» БК («ҚКГ») | Қырғызстан | Бухара – Ташкент – Бішкек – Алматы магистральды газ құбырына қызмет көрсету | **50%** | 50% |
| «ҚазТрансГаз АГ» («ҚТГ АГ») | Швейцария | Электрэнергиясын өндіру бойынша кәсіпорындарды әзірлеу және салу, электрэнергиясын және көмірсутекті шикізатты өндіру, бөлу және сату | **50%** | 50% |
| «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС («БШГ») | Қазақстан | Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу және пайдалану | **50%** | 50% |
| «АвтоГаз» ЖШС («АГ») | Қазақстан | Автогазтолтыру компрессорлық станцияларды ұйымдастыру, пайдалану, салу және қызмет көрсету | **50%** | 50% |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 7. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Елеулі бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар туралы жалпылама қаржылық ақпарат төменде келтірілген:

### АГП

Келесі кестеде Топтың АГҚ-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп** | | |
| Ағымдағы активтер | **154.205.062** | 91.324.731 |
| Ұзақ мерзімді активтер | **1.380.474.981** | 1.052.400.442 |
| Ағымдағы міндеттемелер | **(66.202.396)** | (57.208.875) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | **(1.422.643.893)** | (1.084.466.166) |
| **Капитал** | **45.833.754** | 2.050.132 |
| Топқа иелік етудің пропорционалды үлесі | **50%** | 50% |
| **Инвестицияның баланстық құны** | **22.916.877** | 1.025.066 |
| **Бірлескен кәсіпорынның кірістері мен таза пайдасы** | | |
| Кірістер | **193.993.851** | 153.988.676 |
| Бір жылғы таза пайда | **43.486.426** | 52.775.756 |
| **Есепті кезең үшін таза пайдадағы Топтың үлесі** | **21.743.213** | 26.387.878 |

2008 жылғы 15 ақпанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салуда және пайдалануда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Топтың 50% қатысуымен және «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» 50% қатысуымен АГҚ бірлескен кәсіпорны құрылды. 2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанына АГҚ жарғылық капиталы 1.200.000 мың теңге болды, олардың 600.000 мың теңгесін Топ төледі.

### БШГ

Келесі кестеде Топтың БШГ-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп** | | |
| Ағымдағы активтер | **11.624.960** | 5.982.330 |
| Ұзақ мерзімді активтер | **297.419.368** | 204.171.590 |
| Ағымдағы міндеттемелер | **(28.624.358)** | (66.235.300) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | **(139.882.214)** | - |
| **Капитал** | **140.537.756** | 143.918.620 |
| Топқа иелік етудің пропорционалды үлесі | **50%** | 50% |
| **Инвестицияның баланстық құны** | **70.268.878** | 71.959.310 |
| **Бірлескен кәсіпорынның кірістері мен таза залалы** | | |
| Кірістер | **–** | – |
| Бір жылғы таза залал | **(3.380.864)** | (523.240) |
| **Есепті жыл үшін таза залалдағы Топтың үлесі** | **(1.690.432)** | (261.620) |

2011 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салуда және пайдалануда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Топтың 50% қатысуымен және «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» 50% қатысуымен ШБГ бірлескен кәсіпорны құрылды. 2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанына ШБГ жарғылық капиталы 145.430.000 мың теңге болды, олардың 72.715.000 мың теңгесін Топ төледі.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 7. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

### АГ

Келесі кестеде Топтың АГ-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп** | | |
| Ағымдағы активтер | **350.276** | 895.118 |
| Ұзақ мерзімді активтер | **1.503.434** | 970.894 |
| Ағымдағы міндеттемелер | **(154.458)** | (104.822) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | **–** | – |
| **Капитал** | **1.699.252** | 1.761.190 |
| Топқа иелік етудің пропорционалды үлесі | **50%** | 50% |
| **Инвестицияның баланстық құны** | **849.626** | 880.595 |
| **Бірлескен кәсіпорынның кірістері мен таза залалы** | | |
| Кірістер | **109.532** | – |
| Бір жылғы таза залал | **(130.336)** | (139.952) |
| **Есепті жыл үшін таза залалдағы Топтың үлесі** | **(65.168)** | (69.976) |

2011 жылғы 30 сәуірде Топ Колон Корпорэйшен пайдасына «АвтоГаз» ЖШС-тегі үлестің 50% өткізді. 2013 жылы Топ 34.200 мың теңге (2012: 492.000 мың теңге) сомасына ақша қаражатымен жарғылық капиталды ұлғайту арқылы «АвтоГаз» ЖШС-тегі өз инвестицияларын ұлғайтты.

## 8. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген авансгар** | | |
| Үшінші тараптарға берілген авансгар | **15.205.244** | 19.217.557 |
| | **15.205.244** | 19.217.557 |
| **Ағымдағы активтер мен қызметтер үшін берілген авансгар** | | |
| Байланысты тараптарға аванстар *(30-ескертпе)* | **2.998.091** | 2.067.463 |
| Үшінші тараптарға берілген авансгар | **429.911** | 801.442 |
| Минусы: күмәнді борыштар бойынша резерв | **(19)** | (18.196) |
| | **3.427.983** | 2.850.709 |

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бөгде ұйымдарға күрделі жөндеуді орындағаны және құрылыс үшін берілген аванстарға «Электрохимзащита» ЖШС газ көлік жүйесінің энергетикалық кешенін қалпына келтіргені үшін берген 11.172.550 мың теңге (2012 жылдың 31 желтоқсанына: электротехникалық жабдықты қалпына келтіргені үшін 15.767.021 мың теңге) сомасындағы аванс; «Электро-ХСБМ» ЖШС «Средняя Азия Центр 4, 5» магистральды газ құбырларын күрделі жөндеуге берілген 1.035.220 мың теңге (2012 жылдың 31 желтоқсанына: нөл) сомасындағы аванс; «Allur Auto» ЖШС мобильді азотты компрессорлық станцияны пайдалану жұмыстарын өндіріске ендіру жұмыстарын жүргізуге берілген 850.193 мың теңге (2012 жылдың 31 желтоқсанына: 850.193 мың теңге) сомасындағы аванс кірді. Сондай-ақ 2013 жылдың ішінде 1.639.650 мың теңге мөлшеріндегі авансты Компания Астана қ. Күрес сарайын жобалау және салу жұмыстары үшін төледі.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 9. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Газ қорлары | **13.987.886** | 11.785.459 |
| Материалдар мен қорлар | **8.944.078** | 12.158.371 |
| | **22.931.964** | 23.943.830 |
| Минусы: ескірген және өтпейтін тауар-материалдық қорларға резерв | **(233.323)** | (439.275) |
| | **22.698.641** | 23.504.555 |

Материалдар мен қорларға, негізінен, газ көлік жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге арналған қосалқы бөлшектер, газ көлік жабдығында пайдалануға арналған метанол мен майлау материалдары және ішкі пайдалануға арналған тауарлар кіреді. Газ қорларына жағар газ және сатуға арналған газ кіреді.

## 10. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі | **43.020.134** | 28.240.964 |
| Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі *(30-ескертпе)* | **6.084.116** | 8.591.155 |
| Өзге дебиторлық берешек | **1.354.490** | 839.325 |
| | **50.458.740** | 37.671.444 |
| Минусы: күмәнді борыштар бойынша резерв | **(2.871.059)** | (2.904.010) |
| | **47.587.681** | 34.767.434 |

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дебиторлық берешектің 57% «Газпром» тобы компанияларының газ транзиті мен газ экспорты үшін берешегі құрады (2012 жылдың 31 желтоқсанына: 37%). 2013 жылдың 31 желтоқсанына дебиторлық берешектің 64% АҚШ долларында білдірілді (2012 жылы: 39%).

Күмәнді берешек бойынша резервтегі өзгерістер былайша берілген:

| *Мың теңгемен* | Дербес негізде құнсызданғандар |
|---|---|
| **2012 жылдың 1 қаңтарына** | 2.856.854 |
| Бір жылғы аударымдар | 82.218 |
| Пайдаланылды | (35.062) |
| **2012 жылдың 31 желтоқсанына** | 2.904.010 |
| Бір жылғы аударымдар | **615.266** |
| Пайдаланылды | **(279.205)** |
| Қалпына келтірілгені | **(369.012)** |
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | **2.871.059** |

31 желтоқсанда өтеу мерзімдері бойынша сауда және басқа да дебиторлық берешекті талдау былайша берілген:

| | | | Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | Жиыны | Мерзімі өтпеген және құнсыздан баған | <30 күн | 30 – 60 күн | 60 – 90 күн | 90 – 120 күн | >120 күн |
| 2013 | **47.587.681** | **37.459.559** | **8.331.622** | **977.745** | **467.868** | **123.959** | **226.928** |
| 2012 | 34.767.434 | 33.264.226 | 671.439 | 142.871 | 136.991 | 177.887 | 374.020 |

## 11. ӨТЕЛУГЕ ЖАТАТЫН САЛЫҚТАР

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Өтелуге жататын ҚҚС | **12.514.259** | 11.800.255 |
| Мүлікке салынатын салық | **195.326** | 118.898 |
| Өтелуге жататын өзге де салықтар | **1.235.221** | 1.649.406 |
| | **13.944.806** | 13.568.559 |

## 12. БАНКТЕРДЕГІ САЛЫМДАР

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Өтеу мерзімі үш айдан артық, бірақ бір жылдан кем болатын теңгемен банк салымдары | **8.179.957** | 12.669.552 |
| Өтеу мерзімі үш айдан артық, бірақ бір жылдан кем болатын АҚШ долларындағы банк салымдары | **3.301.198** | 3.070.652 |
| **Қысқа мерзімді банк салымдары** | **11.481.155** | 15.740.204 |
| | | |
| Өтеу мерзімі бір жылдан артық болатын теңгемен банк салымдары | **8.388.657** | 160.798 |
| Өтеу мерзімі бір жылдан артық болатын АҚШ долларындағы банк салымдары | **-** | 105.375 |
| | **8.388.657** | 266.173 |
| Минусы: Пайдалануда шектелген ақша қаражаты | **(2.557.997)** | (160.798) |
| **Ұзақ мерзімді банк салымдары** | **5.830.660** | 105.375 |

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салымдар теңгемен жылдық 2-7,1% (2012 жылғы 31 желтоқсан: жылына 0,3-7%) және шетел валютасында жылына 2,5-5,2% (2012 жылғы 31 желтоқсан: жылына 2,5-5,2%) пайыздық мөлшерлемесімен банктерде үш айдан екі жылға дейінгі түрлі мерзімдерге орналастырылды.

2013 жылдың 31 желтоқсанына Топтың «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-да 2.201.089 мың теңге мөлшерінде пайдалануда шектелген депозиттік шоттары болды. Бұл депозиттік шоттар Топ қызметкерлерінің қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде ашылды (2012 жылғы 31 желтоқсан: нөл).

2013 жылдың 31 желтоқсанына 278.682 мың теңге сомасындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары активтерді шығару бойынша міндеттемелер бөлігінде көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт бойынша пайдалануда шектелген болды (2012 жылғы 31 желтоқсан: 160.798 мың теңге).

## 13. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Теңгемен салымдар | **3.600.000** | 12.400 |
| Теңгемен банктердегі шоттар | **3.441.641** | 4.642.559 |
| Шетел валютасында банктердегі шоттар | **3.111.987** | 1.448.394 |
| Жолдағы ақша | **287.498** | - |
| Шетел валютасындағы салымдар | **76.805** | 1.591.335 |
| Кассадағы қолма-қол ақша | **14.983** | 19.578 |
| | **10.532.914** | 7.714.266 |

Қысқа мерзімді салымдар Топтың ақша қаражатындағы шұғыл мұқтаждықтарына орай бір күннен үш айға дейінгі түрлі мерзімдерге салынады және солар бойынша сыйақы 2013 жылдың 31 желтоқсанына 0,19% -дан бастап 2% -ға дейінгі мөлшерде (2012 жылғы 31 желтоқсан: 0,26% -дан 6,1% -ға дейін) орташа алынған пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеледі.

## 14. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

| | Айналысқа шығарылған жай акциялар (акциялар саны) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Номиналды құны 100 теңге | Номиналды құны 138 теңге | Номиналды құны 2.500 теңге | Номиналды құны 10.000 теңге | Жарғылық капитал, мың теңгемен |
| 2012 жылдың 31 желтоқсанына | 312.167.670 | 1 | 30.976.655 | 3.125.903 | 139.917.435 |
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | 312.167.670 | 1 | 30.976.655 | 3.535.325 | 144.011.655 |

Жай акциялар олардың иелеріне акционерлердің Жалпы жиналысының құзыреті шегінде барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығын береді. Жай акциялар бойынша дивидендтер Акционерлердің қарауына қарай төленеді. 2013 жылы Топ дивидендтерді төлеген жоқ (2012 жылы: 11.985.164 мың теңге).

2013 жылдың ішінде Топ әрқайсысының номиналды құны 10.000 теңге болатын 409.422 дана көлемінде жай акцияларды шығарды. Акцияларды Топтың жалғыз Акционері сатып алып, «Аркагаз» АҚ-ның акцияларымен төленді (*4-ескертпе*).

Компания Басқармасының 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешіміне сәйкес Астана қ. Әкімдігі бағдарламасының шеңберінде Топ «Нұрлы Астана» Корпоративтік қорға 50.000 мың теңге мөлшерінде демеушілік көмегін көрсетті. Бұл шығыстар Акционерге бөлу ретінде танылды, өйткені операция ҚазМұнайГаз Басқарма Төрағасының хатындағы тапсырмаға сәйкес орындалды.

2012 жылы Топ 3.125.903 дана көлемінде жай акция шығарды және номиналды құны 10.000 теңге және тиісінше акция үшін 138 теңге 1 дана шығарды. Барлық шығарылған акцияларды Топтың жалғыз Акционері сатып алып, 31.259.031 мың теңге сомасына негізгі құралдармен төленді, олардың 30.222.386 мың теңгесі 2012 жылы және 1.036.645 мың теңгесі 2011 жылы сенімгерлік басқару шарттарына сай алынды.

**Қосымша төленген капитал**

2012 жылы Топ нөлдік баланстық құны бар «Самұрық-Энерго» АҚ-дағы бақыланбайтын қатысу үлесін 4.688.102 мың теңге сомасына әділ құнымен газ көлік активтеріне айырбастады. 2013 жылдың ішінде Топ 583.157 мың теңге сомасына газ көлік активтерінің қалған бөлігін алды және алынған газ көлік активтерін қосымша төленген капиталдың ұлғаюы ретінде таныды.

2012 жылғы 31 мамырда Топ пен ҚазМұнайГаз Маңғыстау, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан газ құбырларын сенімгерлік басқару шартын жасады. Сенімгерлік басқару шарты Топқа бұл газ құбырларына меншік құқығы берілгенге дейін қолданылатын қысқа мерзімді тетік болып табылады. Топ мұндай активтердің тікелей пайдаланушысы болып табылады және сенімгерлік басқару шартына сәйкес бұл газ құбырларына иелік етуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды алды. Тиісінше, Топ бұл газ құбырларын 2012 жылы 30.222.386 мың теңге жалпы сомаға меншікті капиталдың ұлғаюы ретінде таныды.

## 15. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанына шығарылған борыштық бағалы қағаздарға мыналар кіреді:

| | Шығару | Өтеу мерзімі | Пайыздық мөлшерлеме | АҚШ Доллары | Мың теңгемен | АҚШ Доллары | Мың теңгемен |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2013 | | 2012 | |
| The Bank of New York Mellon | 2007 жылғы 14 мамыр | 2017 жылғы 14 мамыр | 6,375% | **540.000.000** | **82.949.400** | 540.000.000 | 81.399.600 |
| | | | | | **82.949.400** | | 81.399.600 |
| Минусы: мәміле бойынша амортизацияланбаған шығыстар | | | | | **(421.561)** | | (529.251) |
| | | | | | **82.527.839** | | 80.870.349 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 15. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (жалғасы)

2011 жылғы қарашада «Интергаз Файнанс Б.В.» 2007 жылғы мамырда шығарылған Еурооблигациялар бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелерді Топқа аударды. Осылайша, Топ және «Интергаз Файнанс Б.В.» 2017 жылғы мамырда өтеу мерзімімен 540.000.000 АҚШ доллары сомасында топішілік қарыз бойынша есеп айырысты. 2011 жылғы қарашадан бастап Топ 2007 жылғы мамырда шығарылған Еурооблигациялардың эмитентіне айналды. Кейіннен, мұндай борыштық міндеттемелер Қазақстанның Қор Биржасында тіркелді.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық міндеттемелер бойынша төленуге жататын сыйақы 675.692 мың теңгені (2012 жылғы 31 желтоқсан: 663.068 мың теңге) құрады.

## 16. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР

2013 жылғы 31 желтоқсандағы және 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздық қарыздар мен тартылған қаражатқа мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 |
|---|---|---|
| Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар | **4.640.340** | 6.876.230 |
| Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар | **34.508.018** | 22.510.433 |
| | **39.148.358** | 29.386.663 |
| Минусы: мәміле бойынша амортизацияланбаған шығындар | **(350.589)** | (351.349) |
| Плюсы: төленуге жататын сыйақы | **241.230** | 215.951 |
| | **39.038.999** | 29.251.265 |
| Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома | **(33.048.047)** | (23.027.460) |
| **12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар** | **5.990.952** | 6.223.805 |

**«HSBC Bank Plc»**

2005 жылғы 15 тамыздағы несиелік келісімге сәйкес «Trinkaus & Burkhardt KGAA» және «CITIGroup Global Markets Deutschland AG & CO.KGAA» Топқа доллардағы баламамен 44.763.860 еуро сомасында қарыз берді, бұл «MAN TURBO AG» мен Топ арасында жасалған Маңғыстау облысында «Опорная ГП «САЦ» компрессорлық станцияны әзірлеуге, жабдықты жеткізуге және салуға арналған Бас келісім құнының бір бөлігін білдіреді. Бұл несиелік келісімге сәйкес «HSBC Bank Plc» қаржы Агенті болып табылады.

Топ бұл қарызды 2007 жылғы 30 қыркүйектен бастап жиырма бірізді тең жартыжылдық төлемдермен төлеп отыр. Сыйақы жылдық 0,3% қоса алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеледі және жартыжылдық төлемдермен төленеді. Қосымша Топ көрсетілген қарыздың таңдалмаған сомасына есептелетін жылына 0,1% мөлшеріндегі міндеттеме үшін комиссияны төлейді.

**«Credit Suisse»**

2007 жылғы 27 ақпандағы қарыз шартына сәйкес Credit Suisse ҚТГ-Тбилисиге 50.000.000 АҚШ долларына баламалы сомаға қарыз берді. Компания мен ИОА «Credit Suisse» пайдасына бірлескен кепілдікті берді. 2009 жылы ҚТГ – Тбилиси қарыз шартының кейбір ережелерін бұзып, пайыздарды төлеуді доғарды. 2009 жылғы желтоқсанда Компания ЛИБОР + 7,3% пайыздық мөлшерлемемен және 2014 жылғы ақпанда өтеу мерзімімен «Credit Suisse» жаңа қарыз алды және қосалқы-консорциалды келісімге қолын қойды. Қосалқы-консорциалды келісімге сәйкес Credit Suisse алынған қарыз бойынша ҚТГ – Тбилисидің құқықтары мен міндеттемелері Компанияға берілді. 2013 жылы қарыз шартына сәйкес Компания 10.000.000 АҚШ долларын (баламасы 1.522.300 мың теңге) өтеді және бұл қарызды 2014 жылдың ақпанының соңына дейін толығымен өтеуді күтіп отыр.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 16. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

**«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ**

«Қазақстан Даму Банкі» АҚ-нан алынған № 2 қарыз 2012 жылғы қаңтардан бастап 113.337 мың теңге мөлшерінде жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс. 2013 жылғы 17 шілдеде Топ Тараз қ. газ құбырының жүйесін жаңғырту жөніндегі инвестициялық жобаны қаржыландыру мақсатында 10 жыл мерзімге жылдық 8,1% -ға 2.282.616 мың теңге жалпы сомаға несиелік желі туралы келісімді жасап, қосымша қаржыландыруды тартты.

2013 жылы Топ 226.753 мың теңге (2012: 226.753 мың теңге) мөлшерінде негізгі борыш сомасын және 198.976 мың теңге (2012: 219.384 мың теңге) мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді. Бас компания шарт бойынша кепіл беруші болып табылады. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

**«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (жаңа қарыз)**

2013 жылы «Қазақстан Даму Банкі» АҚ мен Топ арасында жылдық 8.10% мөлшерлемесі бойынша 15 жыл мерзімге 16,400,000 мың теңге мөлшерінде несиелік желіні ашу туралы келісімді жасады. 2013 жылдың 31 желтоқсанына Топтың бұл қарыз бойынша берешегі 2.282.616 мың теңге болды.

**«HSBC Банк Казахстан» АҚ ЕБ**

20.400.000 АҚШ доллары сомасына қарыз 2013 жылғы 29 қазан мен 20 қараша аралығындағы кезеңде табиғи газды сатып алу және айналым қаражатын толықтыру үшін «Gazprom Schweiz AG» алдындағы міндеттемелерді төлеу үшін үш траншпен алынды. 3.133.644 мың теңге сомасына негізгі борыш пен 28.513 сомасына есептелген сыйақы 2014 жылғы 27 наурызға дейін төленуі тиіс.

Басқа қарыздар айналым капиталын толықтыру мақсатында қазақстандық банктерден алынған жылдық 3% - 7,5% тіркелген пайыздық мөлшерлememен қысқа мерзімді қарыздарды білдіреді.

## 17. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2013 жылы ИОА қызметкерлерге әлеуметтік төлемдерге арналған жаңа ұжымдық шартты жасады. Қызметкерлерге төлемдер басқа да ұзақ мерзімді төлемдер ретінде қарастырылады. Осы төлемдерді алу құқығы негізінен қызметтің ең аз мерзімі аяқталуына тәуелді. Осы төлемдердің күтілетін құны белгіленген төлемдері бар жоспар үшін пайдаланылатынға ұқсас есепке алу әдістемесін пайдалана отырып қызмет мерзімі ішінде есептеледі. Мұндай сыйақылар активтермен қамтамасыз етілмеген.

Белгіленген төлемдері бар жәрдемақылар төлеу бойынша міндеттемелердегі өзгерістер, мынадай түрде берілген:

| *Мың теңгемен* | **2013** | 2012 |
|---|---|---|
| Жылдың басына белгіленген төлемдері бар жәрдемақылар төлеу бойынша міндеттемелердің ағымдағы құны | **974.288** | 639.382 |
| Ағымдағы қызметтердің құны | **198.409** | 325.974 |
| Өткен жылдар қызметтерінің құны | **668.019** | – |
| Пайыздар бойынша шығындар | **77.943** | 40.699 |
| Актуарийлік залалдар | **813.931** | – |
| Төленген сыйақылар | **(44.180)** | (31.767) |
| **Жыл соңына сыйақы бойынша белгілі бір міндеттемелердің келтірілген құны** | **2.688.410** | 974.288 |
| Минусы: сыйақы бойынша белгілі бір міндеттемелердің келтірілген құнының қысқа мерзімді бөлігі | **(36.468)** | (36.468) |
| **Белгіленген төлемдері бар жәрдемақылар төлеу бойынша міндеттемелер келтірілген құнының ұзақ мерзімді бөлігі** | **2.651.942** | 937.820 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 17. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылған сомалар былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 |
|---|---|---|
| Жылдың аяғына белгіленген төлемдері бар жәрдемақылар төлеу бойынша міндеттеменің келтірілген құны | 2.688.410 | 974.288 |
| **Таза міндеттемелер** | **2.688.410** | 974.288 |
| Ағымдағы қызметтердің құны | 198.409 | 325.974 |
| Өткен жылдар қызметтерінің құны | 668.019 | – |
| Дисконт амортизациясы | 77.943 | 40.699 |
| Актуарийлік залалдар | 813.931 | – |
| **Ағымдағы кезеңде танылған шығыстар** | **1.758.302** | 366.673 |

Актуарийлік шығындарға басқа да жиынтық кіріс қосылған. Ағымдағы қызметтердің және өткен жылдар қызметтерінің құны сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны, жалпы және әкімшілік шығыстар мен басқа да операциялық шығыстар құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке кіргізілген.

Сыйақы бойынша міндеттемелерді есептеулерде пайдаланылған негізгі актуарийлік жорамалдар былайша көрсетілген:

| | 2013 | 2012 |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | 8% | 8% |
| Жалақының келешек артуы | 7% | 7% |
| Өлім деңгейі | 16% | 16% |

## 18. ӨЗГЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Келешек кезеңдер кірістері | 6.051.100 | 4.532.074 |
| Төленуге жататын вексельдер | 845.493 | 739.370 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | 320.872 | 327.169 |
| | **7.217.465** | **5.598.613** |

Келешек кезеңдер кірістері халықтан және жергілікті билік органдарынан алынған өтеусіз алынған газ құбырлары бойынша туындайды.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 19. РЕЗЕРВТЕР

| *Мың теңгемен* | Ұңғымаларды жою, учаскені қалпына келтіру және тарихи шығындар | Кепілдік бойынша резервтер | Салықтар бойынша резервтер | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| **2011 жылдың 31 желтоқсанына** | 1.248.987 | 2.094.170 | 820.931 | 4.164.088 |
| Дисконт амортизациясы | 109.993 | – | – | 109.993 |
| Пайдаланылды | (156.780) | – | – | (156.780) |
| **2012 жылдың 31 желтоқсанына** | 1.202.200 | 2.094.170 | 820.931 | 4.117.301 |
| Жыл ішінде ұлғаю | **–** | **666.061** | **1.335.673** | **2.001.734** |
| Бағалаудағы өзгеріс | **1.162.766** | **–** | **–** | **1.162.766** |
| Бағамдық айырма | **13.632** | **89.721** | **–** | **103.353** |
| Дисконт амортизациясы | **164.011** | **–** | **–** | **164.011** |
| Пайдаланылмаған сомаларды түзету | **–** | **–** | **(321.157)** | **(321.157)** |
| Пайдаланылды | **(172.031)** | **–** | **–** | **(172.031)** |
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | **2.370.578** | **2.849.952** | **1.835.447** | **7.055.977** |
| **2013 жылғы 31 желтоқсанға ағымдағы резервтер** | **125.661** | **2.849.952** | **1.835.447** | **4.811.060** |
| **2013 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді резервтер** | **2.244.917** | **–** | **–** | **2.244.917** |
| 2012 жылғы 31 желтоқсанға ағымдағы резервтер | 162.203 | 2.094.170 | 820.931 | 3.077.304 |
| 2012 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді резервтер | 1.039.997 | – | – | 1.039.997 |

Компания ҚТГ – Тбилиси берешегін қамтамасыз ету ретінде «Грузия Банкінің» пайдасына өтелмеген кепілдік бойынша міндеттемелерді көтереді. Бұл кепілдікпен қамтамасыз етілген берешек сомасын 10.000.000 АҚШ доллары (баламасы 1.474.600 мың теңге) құрады. 2009 жылғы қаңтарда ҚТГ-Тбилиси қарыздың негізгі сомасы мен есептелген пайыздар бойынша төлем жасауды тоқтатты. 2010 жылдың ішінде «Грузия Банкі» сот процесін бастап, 2011 жылғы 25 қарашада Лондонның арбитраждық соты берілген кепілдік бойынша өндіріп алу туралы шешімді қабылдады: 14.175.001 АҚШ доллары (баламасы 2.103.570 мың теңге) жалпы сомаға «Грузия Банкі» пайдасына қарыз сомасын, сыйақыны және сот шығыстарын. 2013 жылы Компания 4.323.387 АҚШ доллары (баламасы 666.061 мың теңге) сомасына қосымша резервті құрды, әрі ол төлем мерзімін ұзартқаны үшін өсімпұлды және басқа да шығыстарды білдіреді. Қазіргі уақытта Компания басшылығы бұл кепілдік бойынша төлемдерді қайта құрылымдау жөнінде келіссөздер жүргізіп отыр.

### 20. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардың алдында | **53.059.086** | 23.799.286 |
| Байланысты тараптардың алдында | **9.467.154** | 16.387.998 |
| | **62.526.240** | 40.187.284 |

Сауда және басқа да кредиторлық берешек сатып алынған газ үшін және активтер мен қызметтер үшін берешекті білдіреді. Сауда кредиторлық берешек пайызсыз болып табылады, сол бойынша есептер әдетте 30 күнге дейінгі мерзімде жүзеге асырылады және теңгемен берілген.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек негізінен газ көлік жүйесін жөндеумен және қызмет көрсетумен байланысты активтер мен қызметтер үшін берешекпен білдірілген.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 21. ГАЗ ҚАРЫЗДАРЫ БОЙЫНША БЕРЕШЕК

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 5.744.418 мың теңге (2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 13.047.579 мың теңге) сомасындағы көлемде газдың қарызы бойынша берешегі болды.

2013 жылы «PetroChina International Company Limited» мен АГҚ табиғи газдың қарызы туралы үш жақты келісімнің шеңберінде Топ АГҚ-дан 700.081 мың текше метр көлемінде табиғи газды алды. Есепті кезеңде 1.284.641 мың текше метр көлемінде газ қайтарылды.

## 22. АЛЫНҒАН АВАНСТАР

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Байланысты тараптардан алынған аванстар | **580.745** | 254.387 |
| Үшінші тараптардан алынған аванс | **2.718.341** | 2.401.916 |
| | **3.299.086** | 2.656.303 |

## 23. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Жалақы бойынша берешек | **2.323.349** | 2.574.940 |
| Сыйлықақылар бойынша есептелген резерв | **1.338.584** | 2.761.221 |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв | **1.220.236** | 1.153.533 |
| Зейнетақы аударымдары | **736.297** | 401.133 |
| Тендерлер бойынша алдын ала төлем | **531.154** | 430.953 |
| Келешек кезеңдер кірістері | **391.056** | 309.274 |
| Басқасы | **1.532.348** | 1.048.115 |
| | **8.073.024** | 8.679.169 |

2013 жылғы 31 желтоқсандағы және 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелер теңгемен көрсетілді.

## 24. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНЕН ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| **Газды тасымалдау бойынша қызметтер:** | | |
| Орта азиялық газды тасымалдау (транзит) | **54.605.088** | 54.784.394 |
| Ресей газын тасымалдау (транзит) | **18.489.944** | 17.210.153 |
| Қазақстан ішінде газды тасымалдау | **14.549.517** | 9.075.193 |
| Қазақстаннан тыс жерлерге газды тасымалдау | **13.374.791** | 13.050.113 |
| Қырғыз газын тасымалдау (транзит) | **73.708** | 34.281 |
| | **101.093.048** | 94.154.134 |
| Газды экспортқа шығарудан түскен кірістер | **102,407,723** | 133.737.590 |
| Газды ішкі нарықты өткізуден түскен кірістер | **79,153,493** | 30.984.988 |
| Газ құбырларына қызмет көрсету | **5.662.925** | 2.512.244 |
| Басқасы | **–** | 143.728 |
| | **288.317.189** | 261.532.684 |

2012 жылғы 29 желтоқсанда Компания «Gazprom Schweiz AG»-мен 3.350.000 мың текше метрге дейінгі көлемде 2013 жылы газ экспортына келісімшартқа қолын қойды. 2013 жылдың ішінде Компания аталған көлемнен 71.552.412 мың теңге (2012 жылы: 26.711.264 мың теңге) жалпы сомаға 2.162.229 мың текше метр көлемінде газды жеткізді.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 24. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНЕН ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР (ЖАЛҒАСЫ)

2013 жылдың ішінде тасымалдау қызметтерін көрсетуден түскен кірістердің жалпы көлемінің 71,1% Газпром тобының компанияларына (2012 жылдың ішінде: 73,6%) келесі келісімшарттар бойынша келді:

- 2011 жылғы 26 қантардағы Түркменстан мен Өзбекстаннан қазақстандық-ресейлік шекараның экспорттық нүктесіне дейін газды тасымалдауға арналған бес жылдық келісімшарт. Бұл келісімшартта орта азиялық газды жылына 28 миллиард текше метрге дейінгі көлемде тасымалдау көзделген.
- Ресейлік газды Қазақстанның солтүстік-батысындағы Орынбор-Новопсков газ құбыры бойынша тасымалдауға арналған 2011 жылғы 26 қантардағы бес жылдық келісімшарт. Бұл келісімшартта 2013 жылы табиғи газды 53 миллиард текше метрге дейін тасымалдау көзделген.
- Ресейлік газды Қазақстанның солтүстік-батысындағы Орынбор-Новопсков газ құбыры бойынша тасымалдауға арналған 2012 жылғы 10 ақпандағы бір жылдық келісімшарт. Бұл келісімшартта 2013 жылы табиғи газды 12,5 миллиард текше метрге дейін тасымалдау көзделген.

Газпромға тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге арналған келісімшарттарға сәйкес тасымалдау келісімшарттық тасымалдау көлемінің 80% мөлшерінде «сатып алушыны тауарды қабылдауға немесе тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттейтін» қағидатқа негізделген.

Жоғарыда көрсетілген Газпроммен қызмет көрсету келісімшарттарына сәйкес Топ кез келген дәлелденген тікелей шығындар немесе Газпром жеткізілмей қалған газ көлемі үшін төленген нақты айыппұлдар үшін жауапкершілік көтереді. 2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанына Топ басшылығы көрсетілген қызметтерді көрсетуге арналған келісімшарттарға сәйкес жауапкершілік туралы бұл ережеге қатысты Газпром алдында қандай да бір елеулі міндеттемелер жоқ деп есептейді.

### 25. САТЫЛҒАН ӨНІМ МЕН КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Өткізілген газдың өзіндік құны | **129.469.220** | 116.701.904 |
| Жалақы және тиісті аударымдар | **24.807.734** | 21.794.370 |
| Тозу және таусылу | **22.305.445** | 19.625.838 |
| Өзінің мұқтаждықтарына арналған газ және басқа да материалдар | **7.943.419** | 14.848.773 |
| Жөндеу шығыстары | **4.390.701** | 4.281.538 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | **4.317.818** | 4.613.688 |
| Концессия шарты бойынша шығыстар | **4.039.093** | 6.448.539 |
| Техникалық қызмет көрсету | **2.082.222** | 2.184.811 |
| Электр энергиясы | **1.321.443** | 1.035.942 |
| Іссапар шығыстары | **1.100.710** | 828.809 |
| Басқасы | **7.900.151** | 5.196.727 |
| | **209.677.956** | 197.560.939 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 26. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Жалақы және тиісті аударымдар | **11.524.657** | 10.903.223 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | **3.565.410** | 531.205 |
| Консалтинг қызметтері | **1.341.291** | 1.161.726 |
| Тозу және амортизация | **1.297.555** | 1.378.778 |
| Жалдау шығыстары | **973.391** | 788.417 |
| Демеушілік пен қайырымдылық | **813.092** | 954.414 |
| Іссапар шығыстары | **484.367** | 380.414 |
| Жөндеу және техникалық қызмет көрсету | **477.829** | 542.141 |
| Офисті ұстап тұру шығыстары | **370.373** | 577.092 |
| Банктік қызметтер | **345.173** | 205.665 |
| Кадрларды даярлау және біліктілікті арттыру | **254.259** | 175.118 |
| Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шығыстары | **229.312** | 296.433 |
| Көлік шығыстары | **210.387** | 216.939 |
| Мерекелік, мәдени-жаппай және спорттық іс-шараларды өткізу шығыстары | **167.494** | 119.321 |
| Күмәнді берешек, берілген авансchallenge, өтелуге жататын салықтар мен ескірген тауар-материалдық қорлар бойынша резервке аудару, нетто | **(892.930)** | 89.592 |
| Басқасы | **2.633.180** | 2.593.495 |
| | **23.794.840** | 20.913.973 |

## 27. ӨЗГЕ ДЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| **Өзге де операциялық кірістер** | | |
| Көрсетілген қызметтер бойынша кірістер (үйішілік газды қызмет көрсету, қосылу, техникалық қызмет көрсету) | **3.996.564** | 3.058.505 |
| Болашақ кезеңдер кірістерінің амортизациясы | **311.011** | 203.768 |
| Айыппұлдардан түскен кіріс | **240.049** | 241.175 |
| Тауар-материалдық қорларды сатудан болатын кіріс | **200.049** | 182.998 |
| Газ қарыздарының операциялары бойынша кіріс | **–** | 537.074 |
| Сақтандыру жағдайынан түскен кіріс | **–** | 202.729 |
| Басқасы | **457.831** | 647.349 |
| | **5.205.504** | 5.073.598 |
| **Басқа да операциялық шығыстар** | | |
| Жалақы және тиісті салықтар | **(1.523.187)** | (733.220) |
| Газ қарыздарының операциялары бойынша шығыстар | **(1.197.857)** | – |
| Көрсетілген қызметтер бойынша шығыстар (үйішілік газды қызмет көрсету, қосылу, техникалық қызмет көрсету) | **(1.025.749)** | (1.192.126) |
| Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді өткізуден болған залал | **(740.520)** | (258.321) |
| Негізгі құралдардың құнсыздануынан болған шығын | **(939.375)** | – |
| Басқа активтердің тозуы және амортизациясы бойынша шығыстар | **(113.846)** | – |
| Басқасы | **(469.026)** | (327.281) |
| | **(6.009.560)** | (2.510.948) |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 28. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 |
|---|---|---|
| **Қаржылық кірістер** | | |
| Банктердегі салымдар бойынша пайыздық кіріс | **1.404.953** | 1.166.848 |
| Пайызсыз қарыздар және төленуге жататын вексельдер бойынша пайыздық кіріс | **14.213** | 100.747 |
| Дивидендтер бойынша түскен кірістер | **–** | 231.094 |
| Басқасы | **27.235** | 18.523 |
| | **1.446.401** | 1.517.212 |
| **Қаржы шығындары** | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар | **(5.241.216)** | (5.136.390) |
| Банктік қарыздар мен овердрафттар бойынша пайыздар | **(1.510.712)** | (1.135.167) |
| Қаржы кепілдігі | **(666.061)** | – |
| Тарихи шығындар дисконтының амортизациясы және активтерді тарату бойынша міндеттемелер | **(164.011)** | (109.993) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконт | **–** | (217.424) |
| Басқасы | **(374.969)** | (83.860) |
| | **(7.956.969)** | (6.682.834) |

## 29. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Топқа 20% қолданыстағы ресми мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынады.

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | **10.690.264** | 8.817.178 |
| Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша шығыстар | **3.727.090** | 3.322.162 |
| Үстеме пайда салығы бойынша шығыстар | **1.335.763** | – |
| | **15.753.117** | 12.139.340 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 29. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Төменде 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін ағымдағы табыс салығының шығыстарымен бірге табыс салығының ресми мөлшерлемесі бойынша салық салынғанға дейінгі пайдаға қолданылатын корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың салыстырылуы келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| Салық салуға дейінгі пайда | **66.206.461** | 40.377.663 |
| Ресми салық мөлшерлемесі | **20%** | 20% |
| **Ресми мөлшерлеме бойынша салық салынғанға дейінгі пайда** | **13.241.292** | 8.075.533 |
| **Тұрақты айырмалардан салық әсері** | | |
| Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі | **(3.997.523)** | (138.694) |
| Алдыңғы жылдың мерзімі ұзартылған пайда салығына қатысты түзетулер | **366.074** | 1.391.363 |
| Алдыңғы жылдың ағымдағы табыс салығына қатысты түзету | **(399.402)** | – |
| Есептен шығарылмайтын айыппұлдар мен өсімпұлдар | **794.397** | – |
| Концессия шарты бойынша шығыстар | **–** | 1.276.641 |
| Есептен шығарылмайтын қайырымдылық шығыстары | **223.940** | 190.873 |
| Бухгалтерлік есепте концессиялық активтер бойынша мойындалмаған амортизация | **–** | (1.391.363) |
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша танылмаған активтің өзгеруі | **3.506.762** | 2.637.011 |
| Есепке алынуға рұқсат етілмеген ҚҚС | **118.490** | – |
| Үстеме пайда салығы | **1.335.763** | – |
| Төленуге жататын ұзақ мерзімді вексельдер бойынша дисконт | **(572.050)** | – |
| «Самұрық Энерго» акцияларын өткізуден түскен кіріс | **331.778** | – |
| Негізгі құралдарды өткізуден болған залал | **128.374** | – |
| Газ қарызы бойынша міндеттемені ұлғайту | **181.443** | – |
| Басқасы | **493.779** | 97.976 |
| **Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар** | **15.753.117** | 12.139.340 |
| **Тиімді салық мөлшерлемесі** | **24%** | 30% |

2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанына мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелердің компоненттері төмендегідей көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 (Қайта есептелгені)* |
|---|---|---|
| **Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер** | | |
| АГҚ тасымалдау бойынша резерв | **4.872.470** | – |
| Келешек кезеңдер кірістері | **1.278.629** | 182.963 |
| Кейінге ауыстырылған салық залалы | **1.074.228** | 54.359 |
| Қызметкерлерге сыйақылар | **720.915** | – |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер | **312.011** | 841.491 |
| Салықтар | **153.559** | – |
| Берілген корпоративтік кепілдіктер бойынша міндеттемелер | **180.971** | – |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек бойынша резерв | **55.095** | 584.441 |
| Тауар-материалдық қорлар | **26.241** | 218.505 |
| Негізгі құралдар | **11.568** | – |
| Басқасы | **280.707** | 975.621 |
| | **8.966.394** | 2.857.380 |
| **Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер** | | |
| Негізгі құралдар және материалдық емес активтер | **(25.614.460)** | (21.270.786) |
| Бағалау резерві | **(6.143.773)** | – |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | **(13.575)** | (664.918) |
| | **(31.771.808)** | (21.935.704) |
| **Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер, нетто** | **(22.805.414)** | (19.078.324) |

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 29. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға таза міндеттеме | (19.078.324) | (15.756.162) |
| Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке жатқызылатын сома | (3.727.090) | (3.322.162) |
| **31 желтоқсанға мерзімі ұзартылған салық бойынша таза міндеттеме** | **(22.805.414)** | (19.078.324) |

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер Топтың түрлі кәсіпорындарына жатады және салық заңнамасына сәйкес бір біріне қарсы есепке алына алмайды. Топ кәсіпорындарының мерзімі ұзартылған салықтар бойынша нетто позициясы былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 |
|---|---|---|
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | 446.115 | – |
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер | (23.251.529) | (19.078.324) |
| **31 желтоқсанға мерзімі ұзартылған салық бойынша таза міндеттеме** | **(22.805.414)** | (19.078.324) |

### 30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Байланысты тараптарға Топтың негізгі басқарушы қызметкерлері, елеулі үлес тікелей немесе жанама түрде Топтың негізгі басқарушы қызметкерлеріне, ҚазМұнайГаз тобының компанияларына (жалпы бақылау астындағы ұйымдарға) тиесілі болатын ұйымдар, бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар және Самұрық-Қазына мен Үкімет бақылайтын компаниялар (мемлекет бақылайтын басқа да ұйымдар) кіреді.

**Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары**

Байланысты тараптармен мәмілелер үшінші тараптарға қолданылған тарифтердің талаптарында көрсетілетін газды тасымалдау қызметтерін қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде жүзеге асырылмаған тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Байланысты тарапқа берілген кепілдіктер бар. Кезең соңына өтелмеген қалдықтардың қамтамасыз етуі жоқ, олар пайызсыз болып табылады және есеп айырысулар, бұдан әрі көрсетілгенді қоспағанда, ақшалай жасалады. 2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін Топ байланысты тараптардың берешек сомаларына жататын дебиторлық берешектің қандай да бір құнсыздануын мойындамады.

2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен жасалған негізгі мәмілелер төменде көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012* қайта есептелгені |
|---|---|---|
| ***Тауарлар мен қызметтерді өткізу*** | | |
| ҚазМұнайГаздың жалпы бақылауындағы ұйымдар | 1.001.452 | 330.586 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 7.047.390 | 1.815.112 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 13.261.289 | 46.873.274 |
| Самұрық-Қазына және Үкімет бақылайтын ұйымдар | 27.251.557 | 27.128.452 |
| Самұрық-Қазына және Үкімет қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 5.531.664 | 3.610.518 |
| | **54.093.352** | 79.757.942 |
| ***Тауарлар мен қызметтерді сатып алу*** | | |
| ҚазМұнайГаздың жалпы бақылауындағы ұйымдар | 7.427.817 | 6.680.922 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 1.898.448 | 9.134.131 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 33.713.617 | 29.996.587 |
| Самұрық-Қазына және Үкімет бақылайтын ұйымдар | 532.192 | 754.182 |
| | **43.572.074** | 46.565.822 |
| ***Сауда және басқа да дебиторлық берешек, пайызсыз қарыздар, берілген аванстар және басқа да ұзақ мерзімді активтер*** | | |
| ҚазМұнайГаздың жалпы бақылауындағы ұйымдар | 43.995 | 41.747 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 2.515.693 | 20.454.751 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 3.516.115 | 6.196.875 |
| Самұрық-Қазына және Үкімет бақылайтын ұйымдар | 3.067.421 | 3.468.949 |
| | **9.143.224** | 30.162.322 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)

**Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары (жалғасы)**

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 |
|---|---|---|
| ***Сауда және басқа да кредиторлық берешек, алынған аванстар және басқа да ағымдағы міндеттемелер*** | | |
| ҚазМұнайГаздың жалпы бақылауындағы ұйымдар | **857.686** | 739.172 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **4.500.413** | 12.432.886 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **4.404.831** | 3.345.932 |
| Самұрық-Қазына және Үкімет бақылайтын ұйымдар | **134.284** | 121.947 |
| Самұрық-Қазына және Үкімет қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **184.527** | 54.330 |
| | **10.081.741** | 16.694.267 |

| | 2013 | 2012 |
|---|---|---|
| **Банктердегі қаражат** | | |
| «Альянс Банк» АҚ | **8.781.000** | 7.999.921 |
| «Астана Финанс» АҚ | **50.363** | 367.157 |
| «Тұран Әлем Банкі» АҚ | **4.684** | 6.327 |
| | **8.836.047** | 8.373.405 |

**Негізгі басқарушы қызметкерлерге төленетін сыйақы**

Негізгі басқарушы қызметкерлерге Басқарма мүшелері, Топ департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарлары кіреді, олардың жалпы саны 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 34 адам (2012 жылы: 32). 2013 және 2012 жылдары негізгі басқарушы қызметкерлерге төленген сыйақының жалпы сомасы 503.756 мың теңге және тиісінше 400.287 мың теңге болды, әрі ол жалақы мен басқа да қысқа мерзімді сыйақылардан тұрды және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің жалпы және әкімшілік шығыстар құрамына қосылды.

## 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Концессия шартындағы өзгерістер**

*1-ескертпеде* көрсетілгендей, 2012 жылғы 31 мамырда Топ сенімгерлік басқару шартына 2013 жылдың 1 қаңтарына дейін кол қою ұсынысымен Комитеттен Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы хатты алды. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін Комитет Самұрық-Қазына арқылы 2012 жылы Шарт бойынша активтерді Топ меншігіне келешекте бере отырып көтерді.

Концессия шартының 2012 жылғы 30 шілдедегі қосымша келісімге сәйкес Топ 2012 жылғы ИОА таза пайдасының 25% мен бұрын белгіленген 2.082.287 мың теңге мөлшеріндегі тіркелген сома арасындағы айырманың мөлшерінде 2013 жылы төленуі тиіс 2012 жылғы Шарт бойынша жалдау төлемдері бойынша қосымша шығыстарды мойындады.

1997 жылғы 14 маусымдағы Концессия шартына сәйкес Комитет және Топ 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін таза пайданың 25% - 40% шегінде, 2013 жылдың 1 қаңтарынан басталатын 5 (бес) жылдық кезеңге қатысты жалдау төлемдерінің сомасын келісуі тиіс. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбылмалы жалдау төлемдерінің түпкі мөлшері келісілмеген. 2006 жылғы 31 наурызда Қазақстан Республикасы, Қаржы министрлігі арқылы және Топ Шартқа толықтыруға (бұдан әрі «Толықтыру») қолдарын қойды. Осы Толықтыруға сәйкес 2008 жылдың 1 қаңтарынан басталатын кезеңге және 2013 жылдың 1 қаңтарынан басталатын қосымша 5 (бес) жылдық кезеңге қатысты жалдау төлемдері әрбір кезеңнің басында келісіледі. Егер жылдық жалдау төлемдері келіспеген жағдайда, Топ жылына 2.082.287 мың теңге тіркелген соманы төлеп отыруы тиіс. Топ бағалауына сәйкес 2014 жылы төленетін 2013 жылғы қосымша жалдау төлемі Топтың 2013 жылғы таза пайдасының 25% мен 2.082.287 мың теңге мөлшерінде бұрын белгіленген тіркелген соманың арасындағы айырманың мөлшерінде келісіледі. Осылайша, 2013 жылғы Шарт бойынша 1.956.806 мың теңге сомасындағы қосымша шығыстар 2013 жылғы өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылды *(25-ескертпе)*.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Концессия шартындағы өзгерістер (жалғасы)**

2005 жылғы 31 желтоқсанға дейін Топ өзінің Шарт бойынша таза пайдасының 10%-ын Үкіметке төледі.

**Концессия шарты бойынша инвестициялық және басқа да міндеттемелер**

*Газ көлік активтерін жақсартуға арналған инвестициялар*

Шарттың талаптары бойынша Топтың алынған газ көлік активтерін жақсарту мен жөндеуге және жаңа газ көлік активтеріне инвестицияларға 30 миллион АҚШ долларын (2013 жылғы 31 желтоқсандағы бағамы бойынша 4.608.300 мың теңге) жыл сайын инвестициялау міндеттемесі болды. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шамамен 72.700.741 мың теңге (2012 жылы: 52.329.902 мың теңге) сомасына осы инвестициялық міндеттемеге қатысты келісімшарттық міндеттемелері болды.

Бұл инвестициялық міндеттеме белгілі бір талаптардың орындалуына байланысты болады. Солардың бірі мынада, тасымалданатын газды іс жүзіндегі көлемі тұрақты болып отыр немесе 1996 жылғы деңгеймен салыстырғанда ұлғайып отыр; басқасы, шетелдік тапсырыс берушілермен жасалған газды тасымалдау жөніндегі келісімшарттардың талаптары Концессия шарты жасалғанға дейін болған қолайлы болып қалады. Егер газды тасымалдау тарифтері және тапсырыс берушілердің тарапынан төлемеу жақсартуларды жүргізуге және инвестициялар салуға мүмкіндік бермесе, Топ Қазақстан Республикасының Үкіметіне ішкі тарифтің түзетілуін немесе оның міндеттемелерінің деңгейін түзетуді қарастыру үшін хабарласуға құқылы. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ мұндай талаптарға сәйкес келді.

**Роялти**

1997 жылдың 17 шілдесінен бастап Топ Қазақстан Республикасының Үкіметіне Батыс жүйесі бойынша тасымалданған газ көлемінің шамамен 2% мөлшерінде роялти төлеуге міндетті. Дегенмен, Шартқа сәйкес бұл төлем тек Батыс жүйесінің тапсырыс берушілерін олардың Топқа роялтиді төлеу міндеттемесі туралы хабардар ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті Қаулысы немесе Қаржы министрлігінің бұйрығы шыққаннан кейін ғана Батыс жүйесі бойынша төленуі тиіс. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұндай Қаулы жарияланбады. Роялтиді төлеу талаптарын іске асыруға байланысты белгісіздіктің салдарынан Топ қазіргі уақытта роялтиді есептеген жоқ.

Сонымен бірге, Топ Қазақстан Республикасының Үкіметінен роялтидің есептелуі тиіс немесе есептелетіндігіне қатысты ешқандай нұсқауларды, сондай-ақ Топтың өткен кезеңдер үшін роялтидің қандай да бір сомаларына қатысты міндеттемелерінің бар екендігіне қатысты түсініктемелерді алған жоқ.

Басшылық Қазақстан Республикасының Үкіметімен бұл мәселені түсіндіру жұмысын жүргізіп отыр және Топқа немесе оның тапсырыс берушілеріне өткен кезеңдер үшін немесе келешекте роялтиді төлеу бойынша ешқандай міндеттемелер жүктелмейді деп есептейді.

*Қырғыз иілімі*

Топ тарифтерді өтеуді қамтитын белгілі бір шарттарды сақтау кезінде шамамен 90-100 миллион АҚШ доллары мөлшерінде Концессия шартында анықталған күн бойынша қырғыз айналымын әзірлеуге және салуға міндетті. Бұл актив Қазақстан Республикасының меншігіне не болмаса Концессия шартының мерзімі аяқталғаннан кейін немесе қайсысының кеш орын алатындығына қарай аяқталғаннан кейін 20 (жиырма) жылдан соң 1 (бір) АҚШ доллары үшін беріледі. Бұл иілімнің құрылысы басталған жоқ.

Басшылық осы мәселеде Топтың міндеттемелерін орындау үшін барлық қажетті қадамдарды орындады деп есептейді, оның ішінде Қырғызстан Республикасына тиесілі газ құбырының учаскесін басқаруға қабылдау туралы мәселені қарастырады. Алайда, Концессия шартының талаптары бойынша қырғыз айналымын салудың негізгі шарты болып табылатын жаңа ішкі тарифтер 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әлі жарияланған жоқ.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Топтың инвестициялық міндеттемелерін орындауын қоса алғанда, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын тексеруді жүзеге асырады. 2009 жылғы Шарт бойынша инвестициялық міндеттемелерді орындауын тексеру 2010 жылы жүргізілетін болады. Басшылық Топ 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық міндеттемелер бойынша талаптарды орындайды деп есептейді.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Қоршаған ортаны қорғау мәселелері**

Топ түрлі заңдарды және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ережелерді сақтауы тиіс. Басшылық Топ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты Үкіметтің талаптарын орындайды деп есептейді.

2012 жылғы 22 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының магистральды құбырлары туралы» заңға (бұдан әрі «Заң») қолын қойды.

Заңға сай ұлттық операторлар мен құбырлардың меншік иелері газ құбырлары пайдаланудан шығарылғаннан кейін газ құбырларын жою және қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша іс-шараларды жүргізуге міндетті. Топ басшылығы Заң Топқа толығымен қолданыла алмайды деп есептейді, өйткені Топ барлық магистральды газ құбырларының меншік иесі болып табылмайды. Барлық магистральды газ құбырларына қатысты Топ Концессия шартының талаптарына сәйкес қызметті жүзеге асырады және оның міндеттемелері жоқ. Топ басшылығы 2013 жылғы 31 желтоқсанға Топтың жарғылық капиталына күтіп отырған салымның концессиялық активтері Басшылықтың пайымдауына ықпалын тигізбейді деп есептейді. Осыған байланысты, 2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанына газ құбырларын жою және қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша резервтер есептелмеді.

**Салық салу**

Қазақстандық салық, валюталық және кеден заңнамасы түрлі талқылауларға жол береді және жиі өзгеріп отырады. Топ басшылығының операцияларға және Топ қызметіне қатысты қолданылатын мұндай заңнаманы түсіндіруі тиісті органдармен даулануы мүмкін. Қазақстанда болған жуырдағы оқиғалар салық органдары заңнаманы түсіндіру және салық есептеулерін тексеру кезінде барынша қатаң ұстанымды алуы мүмкін екендігіне нұсқап отыр. Салдарынан, салық органдары бұрын шағым қоймаған мәмілелер мен есепке алу әдістері бойынша шағымдар қоя алады. Нәтижесінде, айтарлықтай қосымша салықтар, өсімпұлдар мен айыппұлдар есептелуі мүмкін. Салық тексерулері тексеру жылының алдындағы қызметтің 5 (бес) күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда бұдан да ерте кезеңдер тексерілуі мүмкін.

*Салық есебінен алынып тасталған концессиялық активтер*

2012 жылы Концессия шартына толықтыруға сәйкес Топ 40.625.140 мың теңге сомасына концессия активтерін алды. 2013 жылы Топ 2012 жыл және 2011 жыл үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсырды және мұндай концессия активтері мен корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында есептен шығарылған 2012 жылғы 6.973.886 мың теңге және 2011 жылғы 244.747 мың теңге сомасындағы салық амортизациясы бойынша тиісті шығыстарды салық есебінен алып тастады. Бір мезгілде Топ салық есебіне Концессия шартына сай 2012 жылғы 6.383.204 мың теңге сомасында Концессия шарты бойынша жалдау төлемінің шығыстарын қосты.

*Салықтық тексеру*

2011-2012 жылдары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті 2006 – 2009 жылдар аралығындағы кезеңді қамтитын кешенді салық тексеруін жүргізді. 2012 жылғы 27 желтоқсанда Топ салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарламаны (бұдан әрі «Хабарлама») алды, әрі соның негізінде Топ 2007-2009 жылдары 960.890 мың теңге сомасында резидент еместерден корпоративтік табыс салығы және 777.175 мың теңге мен тиісінше 480.445 мың теңге мөлшерінде тиісті өсімпұлды және соған байланысты айыппұлдарды қосымша есептеді. Салық органдары 2004 жылғы 4 қарашадағы және 2007 жылғы 14 мамырдағы несиелік келісімдер бойынша (бұдан әрі «Несиелік келісімдер») «Интергаз Файнанс Б.В.» пайдасына Топтан пайыздарды төлеуге қатысты 15% ішкі мөлшерлеменің орнына, Қазақстан мен Нидерландтар арасындағы Қос салық салуды болдырмау жөніндегі конвенцияға сай қолданылатын резидент еместерден ұсталатын салық бойынша 10% төмендетілген мөлшерлеменің қолданылуын даулады. Қос салық салуды болдырмау жөніндегі конвенция «Интергаз Файнанс Б.В.» Нидерландтардың салық резиденті және іс жүзінде пайыздық кірістің иесі болып табылатындығы шартымен, 10% төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдануға мүмкіндік береді.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Салық салу (жалғасы)**

*Салықтық тексеру (жалғасы)*

Салық органдары «Интергаз Файнанс B.V.» Несиелік келісімдер бойынша төленген пайыздық кірістің іс жүзіндегі иесі болып есептеле алмайды деп санайды, өйткені Несиелік келісімдер мен басқа да тиісті құжаттардың талаптарына сай «Интергаз Файнанс Б.В.» Топтан алған пайыздық кірістер Еурооблигациялардың иелеріне берілуі тиіс. Осылайша, «Интергаз Файнанс Б.В.»-дің бірінші кезекте ортақ пайыздық кірісті иелік етіп басқару тәсілдерін өз бетімен айқындауға құқығы жоқ. Егер салық органдарының ұстанымы расталатын болса, Топ жоғарыда аталғанға қосымша 2010 жыл үшін және 2011 жылдың қарашасында аяқталған кезең үшін 718.395 мың теңге сомасына резидент еместерден корпоративтік табыс салығын және 319.530 мың теңге мөлшерінде соған байланысты өсімпұлды жаңадан есептей алады.

Топ басшылығы «Интергаз Файнанс Б.В.» 1969 жылғы Голландтық Корпоративтік табыс салығы туралы заңның 8с бабында білдірілгендей делдал немесе агент болып табылмайды. Топ ұстанымы 2010 жылғы 8 қаңтардағы «Интергаз Финанс Б.В.» салықтық резиденттігі туралы Голландтық сертификатпен расталуы тиіс, әрі онда «Интергаз Файнанс Б.В.» Голландтық Корпоративтік табыс салығы туралы заңда білдірілгендей делдал немесе агент ретінде карастырылмайтындығы көрсетілген. Тиісінше, «Интергаз Файнанс Б.В.» Топтан алған пайыздық кіріске Голландтық Корпоративтік табыс салығы салынуы тиіс және «Интергаз Файнанс Б.В.» Қазақстанмен қос салық салуды болдырмау жөніндегі конвенцияның мақсаттары үшін голландтық салық резиденті болып табылады.

Сонымен бірге, Топ ұстанымы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 2005 жылғы 16 сәуірдегі № НК-УМН-3-16/3449 хатпен расталды. Осы хатта пайыздық кірістің іс жүзіндегі иесі пайыздық кірістің іс жүзіндегі төлемін алатын және оны толығымен декларациялайтын шетелдік заңды тұлға болып табылатындығы түсіндіріледі.

Сондай-ақ, 2004-2006 жылдар аралығындағы кезең үшін салық тексерулері 2004 жылғы Несиелік келісім бойынша ұқсас төлемдерге қатысты мәселені көтермеді.

Басшылық 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың қаржылық жағдайы туралы есебіне, жиынтық кіріс туралы есебіне немесе ақша қаражатының қозғалысы туралы есебіне елеулі теріс әсер етуі мүмкін ықтимал болатын салық міндеттемелері жоқ деп есептейді. Топ салықтар бойынша соған байланысты қандай да бір қосымша шығыстарды есептемеді. 2013 жылғы 11 ақпанда Топ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитетіне тексеру нәтижелері бойынша алынған Хабарламаға шағым түсіріп, оны қайтарып алуды сұрады. 2013 жылғы 18 сәуірде Топ жауапты алу сәтіне дейін шетел мемлекеттерінің құзырлы органдарына сұратуды жіберуге байланысты ҚР Салық комитетінен шағымды қарау мерзімін тоқтата тұру туралы хабарландыруды алды. Топ, егер бұл қажет болса, Жоғарғы сотқа шағым беруді жоспарлап отыр.

Басшылықтың пікірінше, 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша заңнаманың қолданыстағы ережелері дұрыс түсіндірілді және салық, валюта және кеден заңнамасына байланысты Топ орналасқан жағдайды сақтап қалу мүмкіндігі жоғары болып табылады.

**Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау**

Қазақстанда трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. Трансфертті баға түзу туралы заң операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, «қол ұшын беру» қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді.

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу туралы жаңа заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Жаңа заң анық көрсетілмеген болып табылмайды және оның ережелерінің кейбіреуі қолданудың шағын тәжірибесіне ие. Оның үстіне, заң әзірлеу сатысында тұрған егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды ұсынбайды. Нәтижесінде, операциялардың әр алуан түрлеріне трансфертті баға белгілеу туралы заңды қолдану нақты көрсетілген болып табылмайды.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау (жалғасы)**

Трансфертті баға белгілеу туралы Қазақстандық заңмен байланысты белгісіздіктен салық органдарының ұстанымы Топтың ұстанымынан ерекшеленуі мүмкін деген тәуекел бар, бұл 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтар, айыппұлдар мен өсімақылардың қосымша сомаларына әкелуі мүмкін. Басшылық 2013 жылғы 31 желтоқсанда трансфертті баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансфертті баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

**Сот процестері мен шағымдары**

Топ әдеттегі қызметті жүзеге асыру барысында сот процестері мен шағымдарының объектісі болып табылады. Басшылық, түпкі міндеттеме, егер мұндай процестермен немесе шағымдармен байланысты орын алатын болса, Топтың келешекте шоғырландырылған қаржылық жағдайына да, қызметінің қаржылық нәтижелеріне дейі айтарлықтай теріс әсер етпейді деп есептейді.

**Басқа да кепілдіктер**

2008 жылдың маусымында Топ «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-ның пайдасына «Сервис Центр КазТурбоРемонт» ЖШС-не бұл банк берген қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілдігін берді. Бұл кепілдік 33.000.000 АҚШ долларын құрайтын және өтеу мерзімі 2014 жылдың маусымында болатын қарыздың жалпы сомасының 10.000.000 АҚШ доллары сомасына қарыздың бір бөлігін ғана өтейді. 2013 жылдың 31 желтоқсанына Топ басшылығы «Сервис Центр КазТурбоРемонт» ЖШС қарыз бойынша барлық талаптарды толығымен орындайды деп есептейді, тиісінше Топқа төлем жасауға тура келетіндігінің еш тәуекелі жоқ.

**Газ қарыздары бойынша берешек**

2011-2013 жылдардың ішінде Топтың Алматы облысында қыстық кезеңде газдың жетіспеушілігін орнын толтыру мақсатында АГҚ-мен газ қарызы туралы уағдаластықтары болды. Газ қарызының әрбір траншының өз қайтару мерзімдері бар және дәл сол көлемде ұқсас сападағы газбен өтелуі тиіс. Қайтару мерзімін кешіктірген жағдайда АГҚ газдың мың текше метрі үшін 340 АҚШ доллары мөлшерінде ақша төлемін талап етуге құқылы.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қарызға алынған газды қайтару бойынша міндеттемелері, қайтару мерзімі кешіктірілген 2013 жылғы ақпанда-сәуірде алынған газдың 149.774 мың текше метрін қоса алғанда, 439.955 мың текше метрді құрайды. Осылайша, Топтың міндеттемелері, егер АГҚ газдың қайтарылуын ақшамен талап еткен жағдайда, 5.866.730 мың теңгеге ұлғаюы мүмкін. Топ басшылығы мұндай есептеу екі талай болып табылады деп есептейді.

**Сақтандыру мәселелері**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы даму халінде болып отыр, басқа елдерде таралған сақтандырудың көптеген түрлері әлі де болса Қазақстан Республикасында қол жетімсіз болып отыр. Топтың өндірістік ғимараттарға, өндірістік процестің тоқтап қалу залалдарына, сондай-ақ Топ объектілерінде немесе оның қызметінің барысында болған апаттардың нәтижесінде мүлікке немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілікке қатысты толық сақтандыру өтемі жоқ. Топ баламалы сақтандыру өтемін алмайынша, кейбір активтердің бұзылу залалдарының және жоғалту тәуекелі болады, бұл Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне және оның қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс ықпал етуі мүмкін.

**Көмірсутектерді барлау және өндіру келісімшарты бойынша міндеттемелер**

Көмірсутекті барлау және өндіру келісімшартының 16-бабында көрсетілгендей Топ белгілі бір төлемдерді не болмаса жыл сайын немесе барлау, өндіру және әзірлеу кезеңдерінің ішінде белгілі бір кезеңдерге қол жеткізу шамасына қарай жүзеге асыруға міндетті. Мұндай төлемдерге коммерциялық табу бонусы, роялти және Көмірсутекті барлау және өндіру келісімшартында белгіленген белгілі бір салықтар кіреді. Коммерциялық табу бонусының мөлшері көмірсутектерді анықтаудың коммерциялық тиімді қорларының 0,05% құрайды.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Көмірсутектерді барлау және өндіру келісімшарты бойынша міндеттемелер (жалғасы)**

2014-2015 жылдардың ішінде Көмірсутекті барлау және өндіру келісімшарты бойынша ең аз жұмыс бағдарламасына сәйкес көмірсутектерді қосымша барлауға 6,8 миллиард теңгені инвестициялау талап етіледі. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігінің 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 07-04/10579 хатына сәйкес барлау кезеңі 2015 жылғы 12 желтоқсанға дейін ұзартылған.

Топ Көмірсутекті барлау және өндіру келісімшартының талаптарына сәйкес Үкіметке геологиялық және геофизикалық деректерді сатып алу құнына және Үкімет шеккен бұрғылау жұмыстарының шығындарына байланысты 4.146.784 мың теңге сомасын төлеу бойынша өз мойнына ұзақ мерзімді міндеттемені алды. 2.327.587 мың теңге мөлшеріндегі төлем, қорлар дәлелденді және коммерциялық өндіру басталды деген талаппен, өндіру басталғаннан 10 жылдың ішінде тоқсан сайын жүзеге асырылуы тиіс. 1.819.196 мың теңге сомасындағы тарихи шығындардың қалған бөлігін өтеу кестесі газдың көрсетілген кен орындарда коммерциялық табуы расталғаннан кейін қосымша Үкіметпен талқыланады. Газдың өндірісі Аманкелді кенішінде басталды және тиісінше, Топ Аманкелді газ кеніші бойынша тарихи шығындарды төлеуге қатысты міндеттемелерді таныды. Міндеттемелердің баланстық құны 7% мөлшеріндегі салық салынғанға дейінгі мөлшерлеме бойынша күтілетін келешек ақша ағындарының дисконтталуымен айқындалады. Тарихи шығындар төлемдері тоқсан сайын өндіру басталған сәттен бастап 10 (он) жылдың ішінде, қорлар дәлелденді және өнеркәсіптік өндіру басталды деген талаппен, жүзеге асырылуы тиіс. Аманкелді кеніші бойынша өндіру 2003 жылы басталды.

**Газды жеткізу және сатып алу бойынша ҚТГ міндеттемелері**

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ-да 754.498.000 АҚШ доллары (115.898.438 мың теңге) (2012: 13.512.026 мың теңге) сомаға газды экспортқа шығару бойынша шарттық міндеттемелері болды. Газды сатып алу бойынша шарттық міндеттемелердің сомасы 528.200.000 АҚШ доллары (81.136.802 мың теңге) болды.

«Gazprom Schweiz AG» сатуға арналған келісімшарттарға сәйкес Компания кінәсінен табиғи газдың айлық келісімшарттық көлемі жеткізілмеген жағдайда, Компания жеткізілмей қалған табиғи газ көлемі құнының 0,01% мөлшерінде айыппұлды төлеуі тиіс. 2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанына Компания басшылығы көрсетілген сатуға арналған келісімшартқа сәйкес осы жауапкершілік туралы ережеге қатысты «Gazprom Schweiz AG» алдында қандай да бір елеулі міндеттемелер жоқ деп есептейді.

**ҚТГ-Аймақ міндеттемелері**

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ-Аймақтың газды сатып алу бойынша шарттық міндеттемелері 13.246.218 мың теңге (2012 жылғы 31 желтоқсан: 3.220.519 мың теңге), газды сату бойынша міндеттемелер сомасы 3.597.823 мың теңге (48.748.088 мың теңге) болды.

## 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ САЯСАТЫ

### ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне қарыздар, шығарылған борыштық бағалы қағаздар, сауда және басқа да кредиторлық берешек, Концессия шарты бойынша қаржылық кепілдік пен міндеттемелер шарттары кіреді. Мұндай қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Топтың операцияларын қаржыландыру және оның қызметін қолдау үшін кепілдіктер беру болып табылады. Топтың оның операциялық қызметінің барысында тікелей туындайтын қарыздары, сауда және басқа да дебиторлық берешегі, ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттері бар.

Топ нарықтық тәуекелге, несиелік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш.

Топ басшылығы мұндай тәуекелдерді басқару процесін бақылайды. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті Топ басшылығына қаржы тәуекелдеріне және Топтың қаржы тәуекелдерін басқарудың тиісті тұжырымдамасына қатысты кеңес береді. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті Топ басшылығына қаржы тәуекелдеріне байланысты Топ қызметі тиісті саясатқа және рәсімдерге сай жүзеге асырылатындығына көз жеткізуге көмектеседі.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық бағаға тәуекелдің екі түрі кіреді: пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі және валюталық тәуекел. Нарықтық тәуекелге ұшырағыш қаржы құралдарына қарыздар мен депозиттер кіреді.

Келесі бөлімдердегі сезімталдылық талдауы 2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанындағы позицияларға жатады.

Сезімталдық талдауы таза берешек сомасы, берешек бойынша құбылмалы пайыздық мөлшерлемелерге тіркелген пайыздық мөлшерлемелердің ара қатынасы, сондай-ақ шетел валютасындағы қаржы құралдарының үлесі тұрақты өлшемдер болып табылады деген жорамалдың негізінде дайындалды.

*Пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекел*

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі, ең алдымен, Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар борыштық міндеттемелеріне жатады.

Топ саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

Келесі кестеде Топтың табыс салығына дейінгі кірісінің (қарыздар бойынша құбылмалы пайыздық мөлшерлемеге ықпалы арқылы) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдығы келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Топтың капиталына әсер ету жоқ.

| *Мың теңгемен* | Базистік тармақтардағы ұлғаю/ азаю | Салық салғанға дейінгі пайдаға ықпал ету |
|---|---|---|
| **2013** | **+3,1** | **1.439** |
| **АҚШ доллары** | **-3,1** | **(1.439)** |
| 2012 | +4,5 | 3.094 |
| АҚШ доллары | -4,5 | (3.094) |

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберінде базалық тармақтардағы өзгерістер туралы жорамалдар осы сәтте байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді.

*Валюталық тәуекел*

Валюталық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны шетел валюталары бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың едәуір сомалары мен кредиторлық берешектің нәтижесінде Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Топ сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды.

Келесі кестеде Топ пайдасының салық салынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге (ақша активтері мен міндеттемелерінің әділ құнындағы өзгерістердің салдарынан), барлық басқа өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Топтың капиталына әсер ету жоқ.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Нарықтық тәуекел (жалғасы)**

*Валюталық тәуекел (жалғасы)*

| *Мың теңгемен* | АҚШ доллары бағамының ұлғаюы / азаюы | Салық салынғанға дейін пайдаға әсері |
|---|---|---|
| **2013** | **+30%** | **(29.066.549)** |
| **АҚШ доллары** | **+10%** | **(9.688.850)** |
| 2012 | +1,57% | (1.340.042) |
| АҚШ доллары | -1,57% | 1.340.042 |

**Несиелік тәуекел**

Несиелік тәуекел – қаржы құралы бойынша бір жақ міндеттемені орындай алмай, басқа тарапты қаржылық шығын көтеруге мәжбүр ететін тәуекел. Топ өзінің операциялық қызметінің және инвестициялық қызметтің кейбір түрлерінің нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Инвестициялық қызметке қатысты болса, Топ қазақстандық банктерде депозиттерді орналастырады (*12 және 13-ескертпе*). Топ басшылығы төтенше несиелік тәуекелдерді болдырмау мақсатында осы банктердің несие рейтингін мерзімді қарастырады. Топ басшылығы жақындағы халықаралық несиелік дағдарыс пен одан кейін болған жергілікті банктердің несиелік рейтингілерінің өзгерістері төтенше несиелік тәуекелді ақтамайды деп санайды. Тиісінше, банк депозиттері бойынша құнсыздануға қор керек емес.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

### Несиелік тәуекел (жалғасы)

Келесі кестеде «Standard&Poors» агентігінің несие рейтингін қолдана отырып есепті күнге ақша қаражаты мен банк салымдары бойынша сомалар көрсетілген.

| *Мың теңгемен* | Орналасқан жері | 2013 | | 2012 | | Рейтинг 2013 | 2012 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «Альянс Банк» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | CCC-Теріс | Standard& Poor's | BC/stable | **8.781.000** | 7.999.921 |
| «АТФ Банк» АҚ | Қазақстан | **Fitch Ratings** | B-/тұрақты/B | Fitch Ratings | BBB-/теріс | **4.677.363** | 3.503.871 |
| «Центркредит Банкі» АҚ | Қазақстан | **Fitch Ratings** | B+/тұрақты | Fitch Ratings | B+/тұрақты/B | **1.146.440** | 3.405.927 |
| «Сбербанк России» АҚ | Қазақстан | **Fitch Ratings** | Ba2/тұрақты/ NP | Fitch Ratings | BBB- /тұрақты/F3 | **144.900** | 1.803.367 |
| «Қазақстанның Халық банкі» АҚ | Қазақстан | **Standard & Poors** | BB/тұрақты | Standard& Poor's | BB/тұрақты | **5.468.411** | 1.747.993 |
| «Еуразиялық банк» АҚ | Қазақстан | **Standard & Poors** | B+/теріс | Standard& Poor's | B+/тұрақты/B | **2.798.390** | 1.563.895 |
| «HSBC Банк Қазақстан» АҚ | Қазақстан | **Standard & Poors** | BBB/Stable/A-2 | Standard& Poor's | BBB/Stable/A-2 | **298.758** | 1.068.881 |
| «Delta Bank» | Қазақстан | **Standard & Poors** | B/тұрақты | Standard& Poor's | B/тұрақты | **1.098.903** | 1.037.563 |
| «Ситибанк» Қазақстан АҚ | Қазақстан | **Standard & Poors** | BBB- | Standard& Poor's | A-/Negative | **325.321** | 386.956 |
| «Астана - Финанс» АҚ | Қазақстан | **Баға белгіленуі жоқ** | Баға белгіленуі жоқ | Баға белгіленуі жоқ | Баға белгіленуі жоқ | **50.363** | 367.157 |
| ING Bank | Нидер-ландтар | **Standard & Poors** | A | Standard& Poor's | A+ | **343.472** | 327.762 |
| «RBS» АҚ | Қазақстан | **Standard & Poors** | A-2 | Standard& Poor's | B- / stable | **195.577** | 188.852 |
| «Қазкоммерцбанк» АҚ | Қазақстан | **Standard & Poors** | BC/stable | Standard& Poor's | B+/Negative | **318.094** | 96.629 |
| «Каспий Банк» АҚ | Қазақстан | **Standard & Poors** | BB-/тұрақты | Standard& Poor's | BB+/тұрақты/ B | **31.394** | 31.728 |
| «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ | Қазақстан | **Standard & Poors** | B-/тұрақты | Standard& Poor's | B/теріс/B | **–** | 315 |
| «Цесна Банк» АҚ | Қазақстан | **Standard & Poors** | B/оң | Standard& Poor's | B+/тұрақты/B | **1.302.562** | 20.002 |
| «Тұран Әлем Банкі» АҚ | Қазақстан | **Standard & Poors** | Қайтарылып алынды | Standard& Poor's | B+/тұрақты | **4.684** | 6.327 |
| «Альфа Банк» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | B+/тұрақты | Standard& Poor's | BBB | **853** | 1.005 |
| «Сенім-Банк» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | B+/теріс | Standard& Poor's | | **912.517** | – |

Операциялардың колданыстағы деңгейі кезінде басшылық Топ несиелік бақылаудың және өнеркәсіптік тұтынушылар мониторингінің тиісті рәсімдерін белгіледі деп есептейді, бұл Топқа танылған, несиені төлеуге кабілетті үшінші тараптармен сауда операцияларын жасауға мүмкіндік береді. Топ колдағы дебиторлық берешекке тұрақты мониторинг жасап отырады, соның нәтижесінде үмітсіз берешектің пайда болу тәуекелі елеусіз болып табылады. Несиелік тәуекелдер дербес құнсыздану рәсімінен өтеді. Несиелік тәуекелдердің шоғырлануы негізінен негізгі шоттарға, атап айтқанда халықаралық клиенттерге жатады.

Ақша қаражаты мен олардың баламалары, пайызсыз қарыздар және өзге де дебиторлық берешек кіретін Топтың өзге де қаржы активтері бойынша туындайтын несиелік тәуекелге қатысты Топтың несиелік тәуекелге ұшырағыштығы қарсы агент дефолтының нәтижесінде туындайды, ал тәуекелдің ең көп мөлшері мұндай құралдардың баланстық құнына тең болады.

Барынша жоғары несиелік тәуекел *10, 12, 13-ескертпелерде* ашылып көрсетілгендей баланстық құны болып табылады, байланысты тараптардан алынуға жататын пайызсыз қарыздардың баланстық құны қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ашылып көрсетілген.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Табиғи газ,а арналған бағаларды өзгерту тәуекелі**

Қызметтің табиғатына байланысты Топ тұрақты негізде табиғи газды сатып алады. Топ АҚШ долларында белгіленетін табиғи газға арналған бағаның құбылып отыру тәуекеліне ұшырағыш келеді. Топ, газдың келешектегі бағасының түрлі деңгейлеріне қатысты сезімталдықты талдауды қоса алғанда, жылдық бюджетті және мерзімді болжамдарды дайындайды.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың табиғи газға арналған бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы елеусіз болып табылады.

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – Топтың қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеуге арналған қаражатты алу кезінде қиындықтардың пайда болу тәукелі. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жақын бағасы бойынша қаржы активін жылдам сату мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Топ өтімділік қаражатындағы мұқтаждықты үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген болатын міндеттемелерді орындауға жеткілікті болатын көлемде қаражаттың болуын қамтамасыз етеді.

Келесі кестеде 2013 және 2012 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Топтың қаржылық міндеттемелері көрсетілген.

| *Мың теңгемен* | Талап етілгенге дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан артық | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | – | – | 675.692 | – | 82.527.839 | 83.203.531 |
| Төленуге жататын ұзақ мерзімді вексельдер | – | – | – | 845.493 | – | 845.493 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 25.376.196 | 36.798.146 | 266.049 | 85.849 | – | 62.526.240 |
| Пайыздық қарыздар | – | 15.708.960 | 16.011.760 | 3.104.240 | 4.323.398 | 39.148.358 |
| Концессия шарты бойынша міндеттеме | – | – | 1.956.806 | – | – | 1.956.806 |
| | 25.376.196 | 52.507.106 | 18.910.307 | 4.035.582 | 86.851.237 | 187.680.428 |

| *Мың теңгемен* | Талап етілгенге дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан артық | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2012 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | – | – | 5.852.293 | 98.872.360 | – | 104.724.653 |
| Төленуге жататын ұзақ мерзімді вексельдер | – | – | – | 739.370 | – | 739.370 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 530.291 | 30.959.183 | 5.765.542 | 2.932.071 | – | 40.187.087 |
| Пайыздық қарыздар | – | 9.654.921 | 13.953.147 | 6.090.262 | 1.093.690 | 30.792.020 |
| Концессия шарты бойынша міндеттемелер | – | – | 1.242.265 | – | – | 1.242.265 |
| | 530.291 | 40.614.104 | 26.813.247 | 108.634.063 | 1.093.690 | 177.685.395 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

### Капиталды басқару

Капиталды басқаруға байланысты Топтың негізгі мақсаты тұрақты несие төлеу қабілетін қамтамасыз ету және Топ қызметін жүргізу үшін капиталдың барабар деңгейі мен акционерлердің пайдасын барынша көбейту.

Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады. 2012 жылмен салыстырғанда Топтың жалпы стратегиясы өзгеріссіз қалды.

Топ капиталының құрылымы *15 және 16-ескертпелерде* ашылып көрсетілген банк қарыздары мен борыштық міндеттемелер кіретін берешектен және бұл *14-ескертпеде* ашылып көрсетілгендей шығарылған капитал мен бөлінбеген пайда кіретін меншікті капиталдан тұрады.

Топ басшылығы әр жарты жыл сайын капитал құрылымын талдайды. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Топтың 1.5 аспайтын капиталға қарыз қаражаты үлесінің мақсатты коэффициенті бар.

Қарыз қаражаты үлесінің капиталға коэффициенті жыл соңына былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2013 | 2012 |
|---|---|---|
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | **83.203.531** | 81.533.417 |
| Банк қарыздары | **39.038.999** | 29.251.265 |
| **Берешек жиыны** | **122.242.530** | 110.784.682 |
| **Капитал** | **434.635.865** | 381.235.888 |
| **Меншікті капиталға қарыз капиталының қатынасы** | **0,28** | 0,29 |

### Қаржы құралдарының әділ құны

Бұдан әрі Топтың барлық қаржы құралдарының баланстық құны мен әділ құны бойынша бөле отырып салыстыру берілген:

| | Баланстық құны | | Әділ құны | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | **2013** | 2012 | **2013** | 2012 |
| ***Қаржы активтері*** | | | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | **10.532.914** | 7.602.557 | **10.532.914** | 7.602.557 |
| Банктердегі салымдар | **17.312.171** | 15.845.579 | **17.312.171** | 15.845.579 |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек, нетто | **47.587.681** | 34.723.377 | **49.585.219** | 34.723.377 |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар | **61.008** | 19.551.128 | **57.101** | 19.551.128 |
| Пайдалануда шектелген ақша қаражаты | **2.557.641** | 160.798 | **2.557.641** | 160.798 |
| ***Қаржылық міндеттемелер*** | | | | |
| Сауда кредиторлық берешек | **(62.526.240)** | (40.187.087) | **(62.526.240)** | (40.187.087) |
| Өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар | **(4.460.340)** | (6.524.882) | **(4.460.340)** | (6.524.882) |
| Тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар | **(34.508.018)** | (22.726.383) | **(34.508.018)** | (22.726.383) |
| Борыштық міндеттемелер | **(83.203.531)** | (81.533.417) | **(83.203.531)** | (81.533.417) |
| Төленуге жататын ұзақ мерзімді вексельдер | **845.493** | 739.370 | **845.493** | 739.370 |

Тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздардың әділ құны қалыптасқан пайыздық мөлшерлемелер бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақтағы ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 33. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

**Теңгенің девальвациясы**

2014 жылғы 11 ақпанда қазақстандық теңгенің АҚШ долларына және басқа да негізгі валюталарға қатысты девальвациясы болды. Девальвацияға дейінгі және кейінгі валюта бағамдары 155 теңге / АҚШ доллары және тиісінше 185 теңге / АҚШ доллары болды.

**Газды тасымалдау тарифі**

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2013 жылғы 21 қарашадағы бұйрығына сәйкес Топтың газды Қазақстан Республикасының аумағында магистральды құбырлар бойынша тасымалдау қызметтерінің тарифі 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚҚС-ты қоспастан мың текше метр үшін 1.380 теңге мөлшерінде белгіленген.

**«Альянс Банк» АҚ рейтингісінің төмендеуі**

Қазіргі уақытта «Альянс Банк» АҚ өз берешегін қайта құрылымдау, сондай-ақ облигацияларды ұстаушыларға төлем дефолты бойынша жүргізіп отырған келіссөздерге байланысты 2014 жылғы 11 ақпанда «Standard & Poor's» рейтинг агенттігі бұл банктің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несиелік рейтингтерін CCC/C-тен D/D-ға дейін төмендетті. Сол мезгілде Fitch рейтинг агенттігі «Альянс Банк» АҚ-ның депозиттік рейтингісін С деңгейінде қалдырды. Топтың 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша бұл банктегі салымдарының жалпы сомасы 8.781.000 мың теңге болды.

**ҚТГ-Аймақ облигацияларын орналастыру**

2014 жылғы 29 қаңтарда ҚҚБ сауда жүйесінде облигация үшін номиналды құны 1.000 теңге болатын, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 7,5% -бен, купондарды төлеу кезеңділігі 2018 жылға дейін әрбір жылдың 27 маусымында және 27 желтоқсанында болатын ҚТГ-Аймақ облигацияларын орналастыру бойынша мамандандырылған сауда-саттық өтті. Орналастырылған облигациялардың жалпы саны 2.629.170 дана болды. Негізгі сатып алушылар – Номад Life (1.870.000 дана), БТА Өмір (255.000 дана). Эмиссия сомасы 2.573.220 мың теңгені құрады. Сатып алушы үшін облигациялар бойынша кірістілік жылдық 8,2% тең.